

«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» ЖШС-ТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ

САСАЛА
ҚОНАҚ ҮЙІ

САСАЛА

2013

МАЗМҰН

«Шағала Групп» бас директорының жолдауы	2
«Каспий Лимитед» туралы	3
Біздің міндетіміз	4
2013 жылғы біздің жетістіктеріміз	5
«Каспий Лимитед» атқаратын іскерлік операциялары	6
Нарыққа шолу, бизнес стратегия және жағдаят	10
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік	13
Корпоративтік басқарма	15
Негізгі мақсаттар мен міндеттер	21
Қаржылық есептілік	22



«ШАҒАЛА ГРУПП» БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Франциско Паррилла
Бас директор

2012 жылы бірқатар маңызды шешімдерді қабылдау нәтижесінде біз 2013 жылы осы шешімдердің артықшылықтарын іске асыруға көштік. Айтарлықтай біз табысты болдық: Топтың қызметінің жалпы көрсеткіштері жақсарды және кәсіпорын пайдалылығына қайта оралды. Алайда, Батыс Қазақстандағы мұнай-газ жобаларының баяу өсуіне байланысты, біз әлі де тоқыраудың орташа жағдайында тұрмыз және біздің ойымызша, жақын арада жақсару мүмкіндіктері көрінбейді. Осы оқиғалар аясында Топ 2013 жылы аса көп капитал салымдарын талап етпейтін ынтымақтастықтың көмегімен бизнестің тиімділігі мен өсу мүмкіндіктерін арттыруды жалғастырды.

Біз 2013 жылы Атырау қаласындағы «Сарайшық» кешенін дамытумен басталған өзіміздің «құрылыс негіздеріне» қайта оралдық. Ол іске асыруға арналған алғашқы көп пәтерлі төрт үйдің бірі болатын. Құрылыс «ADM Capital» компаниясымен ынтымақтасып жүргізілуде, ал объектіні тапсыру күні 2014 жылдың мамыр айына жоспарланған. Сондай-ақ, бірлескен кәсіпорынды құру арқылы Гонконгтегі «Compass Offices» компаниясымен ынтымақтасып, кеңсе алаңдарын ұсынудың өскелең нарығына шықты. Кеңселердің алғашқы кешенін 2014 жылдың бірінші тоқсанында Алматы қаласының орталығында, кейінірек Атырау және Астана қалаларында ашу жоспарланып отыр.

Біз қазіргі уақыттағы қызметкерлердің штаттық құрамы ағымдағы бизнестің деңгейін айқын көрсетеді деп ойлаймыз. Сонымен қатар, біздің талпынысымыз дербес шаруашылық бірліктер ретінде олардың бөлінуі мақсатындағы мейрамханалар сияқты, жеке

бөлімшелердің тиімділігі мен пайдалылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте қолданылмайтын негізгі емес активтердің қаржыландырылуын тоқтатуға дейін кез келген шаралар арқылы шешу қажет болып табылатын бірқатар түйінді мәселелер бой көтерді. Біздің міндетіміз – Топты мұнай жобаларын инвестициялау бойынша толық пайданы алғаннан кейін коммерциялық шешімдерді капиталдандыруға және өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге дайындау.

Топ «North Caspian Petroleum Operating Company» (NCPOC), Каспийдің Солтүстігіндегі ірі Қашаған кен орның өңдеуші компаниялардың консорциумына арналған агенттік компаниясының ынтасы арқасында Атырау мен Баутинодағы тұрғын үй кешендерінің құрылысына жаңа ірі келісім-шарттар жасау жұмысын жалғастыруда. Біз кеңселік алаңдарды ұсыну нарығына шығу арқылы 2013 жылы өндірістік базаны арттыруды жалғастырдық, алайда, әр алуан меншіктерді сатып алу жөніндегі талқылаулар жалғасуда. Бұл ретте біздің акционерлеріміз үшін жақын арада позитивті жаңалықтар болады деген үміттеміз.

Мен өз жолдауымды «Шағала Групп» қызметкерлеріне және басшылық құрамына деген алғыс сөздермен аяқтағым келеді. Қазақстан сан мыңдаған күрделі шешімдердің түйінін жеңіске жетіп келеді, мен де біздің кәсіби командамыздың алға қойған мақсатқа ерен еңбектерімен ерекше қол жеткізе алады деп мақтанышпен айта аламын. Біздің күшіміздің мәні - компанияның кәсіби қызметкерлері мен активтер қоржынының үйлесуі - Қазақстанда Топты ерекше бөледі және алдағы болашақ біздер үшін жарқын болу екеніне сенімдімін.



«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» ТУРАЛЫ

«Каспий Лимитед» ЖШС «Chagala International Holding B.V. (Шағала Групп)» толық меншігіндегі еншілес кәсіпорын болып табылады. «Каспий Лимитед» ЖШС Атырау қаласындағы, негізінен, өңірдегі мұнай-газ саласы клиенттерінің талаптарын қанағаттандыруға бағытталған, Қашаған көлемді мұнай кешенін өңдейтін «НСРОС» қоса алғандағы, тұрғын үй және коммерциялық объектілердің бірқатарына ие. Компанияның мүліктеріне мейманхана, апартаменттер, таунхаустар, кеңселер, мейрамханалар және қойма үй-жайлары кіреді.

Компанияның негізі 1994 жылы қаланған және құрылыс жұмысын «Теңізшевройл» мен «Offshore Kazakhstan International Operating Company» (AGIP KCO/NCOC) қоса алғанда, бірқатар іске қосылған жобалардың қызметкерлері тұру үшін сапалы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында Атырау қаласында алғашқы 3 жұлдызды мейманхана салудан бастаған. Атырауда құрылған база және модель негізінде Орал қаласында Қарашығанақ жобасына арналған жоба іске асырылды. Біздің бизнес моделіміз халықаралық және отандық мұнай мен сервистік компаниялардың талаптарын қанағаттандыруға арналған.

2012 жылдың наурызында «Каспий Лимитед» ЖШС кепілдік мөлшерлемесі 10% жылдық 14,647 мың доллар (2,250 миллион теңге) сомасындағы облигацияларын 5 жыл айналым мерзімімен Қазақстандық нарыққа орналастырғаны туралы жариялады. Негізгі сома 2016 жылдың желтоқсанында төлеуге тиесілі, ал облигациялар бойынша пайыздар әрбір алты ай сайын бөлшектеп төленеді.



КОМПАНИЯНЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы – Амстердам қаласында тіркелген жауапкершілігі шектеулі компания болып табылатын «Шағала Интернэшнл Холдинг Би.Ви» арқылы «Шағала Групп» (Chagala Group Limited, BVI) компаниялар тобы. «Шағала Групп» тобының 100% жай акциялары еркін айналымда болып табылады.

МАМАНДАНДЫРЫЛУУЫ

Мейманханаларды, қызмет көрсету апартаменттерін, кеңселік үй-жайларды өзге де жылжымайтын коммерциялық мүлікті иелену және басқару; мейманханалық бизнес; жылжымайтын коммерциялық объектілер құрылысы.

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ:

- Біздің клиенттерімізді Батыс Қазақстандағы қызмет көрсететін мейманханалар мен апартаменттерде «екінші үймен» қамтамасыз Шағала достық, пейілді қызметкерлер құрамымен танымал, сондай-ақ өңірдегі ең үздік мейрамханалармен және тұрғын жайлармен қамтамасыз етуіне де әйгілі;
- Біздің қызметкерлеріміз үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру;
- Каспийдегі мұнай серпілісінің нәтижесінде қаржылық тұрақтылықты, мүліктік әлеуетті және ерекше басшылықты үйлестіру жолымен біздің акционерлеріміздің пайдалылығын қамтамасыз ету.

Біздің мақсатымыз – тұтынушыларымызға жоғары дәрежелі қызмет көрсету, қызметкерлеріміздің әл-ауқатын жақсарту және ұзақ мерзімді тұрақтылықты бизнесті құру.



2013 ЖЫЛҒЫ БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Компания, ауыр экономикалық жағдайға қарамастан, Атыраудағы нарықтың мықты қатысушысы және инвесторы болып табылды. 2013 жылы «Каспий Лимитед» компаниясы:

- Топтың қайта сату нарығына арналған алғашқы тұрғын үй кешені – Атыраудағы «Сарайшық» тұрғын үй кешенінің 1-блогының құрылысын бастады.
- Баутино мен Атыраудағы НСРОС арналған құрылыс кешенінің ірі келісім-шарттары бойынша тендерге қатысуы сәтті болып шықты.
- Атырауда орналасқан «Идеал» супермаркеттерінің тез өсетін желісімен флагмандық дүкен құрылысына келісімге қол қойды.

Шағала Атырауда: 2012 жылдың соңында тұрғын үй кешендерінің құрылысының шартына қол қою және сату көлемі мен маркетингтік күштерді арттыру арқасында және жаңа бизнес ұтып алу нәтижесінде 2012 жылмен салыстырғанда жұмыс көрсеткіштері жоғарылаған.





«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» АТҚАРАТЫН ІСКЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Халқының саны 180,000 адамнан асатын Атырау - Батыс Қазақстанның мұнай-газ саласындағы әкімшілік орталық және бірқатар отандық және халықаралық мұнай-газ компанияларының өндірістік орталығы болып табылады.

Мүлігімізге 3 жұлдызды мейманхана, қызмет көрсету апартаменттері, кеңселік үй-жайлар, мейрамханалар, қойма үй-жайлары және Қашаған мұнай кенорнын өңдеуші жетекші консорциум «НСРОС» жалға алып отырған төрт бөлмелі 33 таунхаус кіреді. Біз 3 және 4 бөлмелі апартаменттердің жаңа жобасы – «Сарайшық» тұрғын үй кешенінің соңғы кезеңіндеміз. Бұл – көлемі 94 шаршы метрден 148 шаршы метрге дейін жететін 72 апартаменті бар Атыраудағы дегдар тұрғын-үйдің жаңа форматы. Кешеннің жалпы көлемі шамамен 8,000 шаршы метрді құрайды. Сондай-ақ біз облыстағы оралым ұғымын жаңартатын көп функционалдық кешеннің құрылысымен жұмыс істеудеміз. «Лагуна» орталығына супермаркет, бөлшек сауда дүкендері, мейрамханалар, кинотеатрлар, сондай-ақ өңірде әзірше теңдестігі жоқ «Fidelity» фитнес орталығы кіретін болады. Біз бұл объектілерді 2015 жылдың ортасынан аяғына дейінгі кезеңде пайдалануға енгізуді жоспарлап отырымыз.



“CHAGALA WATERFRONT” МЕЙМАНХАНАСЫ

Біздің мейманхана қаланың азиялық бөлігіндегі Орал өзенінің жағалауына орналасқан. Мейманханада жанға жайлы жабдықталған және қолайлы 76 нөмір қызмет көрсетеді. Әр нөмірде іргелес жуынатын бөлме, спутниктік теледидар, кондиционер, тоңазытқыш және телефон байланысы бар.




ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АПАРТАМЕНТТЕРІ

«Өз үйіндегідей» сезіну неғұрлым қолайлы тұру жағдайларының түйінді мүмкіндігі болып табылады. Бізде қызмет көрсететін 350-ге жуық апартамент бар. «Люкс» апартаменттері бизнеске немесе демалуға арналған жоғары дәрежелі қызмет көрсетуді қалаған кез келген адам үшін өте ыңғайлы. Объектілерге жақында ғана ашылған «Ural Residence» кіреді. Апартаменттері бар тағы да үш жаңа кешеннің құрылысы Атырау қаласында жоспарланып отыр.



БАРЛАР ЖӘНЕ МЕЙРАМХАНАЛАР

Біздің мейрамханаларымыз: «Coco's», «Hugo's» мейрамханалары, «O'Neills» ирландтық бары, «Petrovski» мейрамханасы және таңғы-түскі ас ішу үшін, іскерлік кездесулер, романтикалық кездесу немесе достарыңмен бас қосу үшін тамаша орын – «East-West» мейрамханасы.



КЕҢСЕЛІК ҮЙ-ЖАЙЛАР

Шағала Батыс Қазақстандағы сапасы жоғары кеңселік объектілер құрылысының және басшылығының көшбасшысы болып табылады. Кешен бір орталықтан ауаны салқындату және жылыту жүйесімен, ақпараттық технологиялардың заманауи инфрақұрылысымен, су жабдықтаудың, электр қуатымен жабдықтаудың және өрттен қорғауды резервтік жүйесімен қамтамасыз етеді, халықаралық компаниялардың қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау талаптарына жауап береді.



ТАУНХАУСТАР

Атыраудағы «Шағала» кешенінде орналасқан 4 пәтерлі 33 таунхаус Қазақстандағы отбасылық тұрғын үй кешені болып табылады.



НАРЫҚҚА ШОЛУ, БИЗНЕС СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТ

«Каспий Лимитед» бизнесінің дамуы «Шағала Групп» стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады

«Шағала Групп» директорлар кеңесі және бас директоры 2012 жылғы активтердің бағалауын орындады, онда Топтың кейбір жұмыс істемейтін активтерін елеулі түрде шығарып тастауға тура келді. Нәтижесінде биылғы жылы өткен жылмен салыстырғанда, қызметтің қаржылық нәтижелерінің едәуір жақсарғаны көрінді. Нарықтағы мықты жағдайдың табысына және компанияның қаржылық салауаттылық жағдайына сене отырып, «Шағала» соңғы үш жыл ішінде алғашқы ірі құрылыс көлеміне кірісті. Біз 2013 жылы Атыраудағы «Сарайшық» тұрғын үй кешеніндегі төрт ғимараттың біріншісінің іргетасын қаладық. Объектіні пайдалануға тапсыру күні 2014 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған, «сатуға арналған» мұндай объектілер Топ

қызметтерінің өзге ассортименті болып табылады және Атырауда бизнестің өсу негізін бөлшек сауда, ойын-сауық, сонымен қатар қосымша кеңселік үй-жайлар және қызметтер қалыптастырады.

Қазақстандағы тұрғын үй, коммерциялық және ойын-сауық объектілерінің нарығы ерекше талпыныспен дамуын жалғастырып келеді, осы кезде біздің көптеген корпоративті клиенттеріміз бізден осы нысандарды арзан және көпшілікке қолжетімді ете алатындығымызды сұрайды. Біз қызметкерлер құрамының және мықты басшылық командасының кәсіби деңгейін арттыру арқасында табысқа жетудеміз. Сондай-ақ біз қызметкерлер құрамының уәжіне құлақ асып және оларды марапаттап, өңірдегі «ең үздік жұмыс беруші» абыройының негізін салуды жалғастыруға үлес қосып келеміз.

Біз сондай-ақ жаңа және дәстүрлі емес идеяларды енгізуді жалғастырамыз. 2013 жылы Шағала Қазақстан аумағында кеңсе орталықтарын салуды дамыту жөніндегі Гонконгте орналасқан «Compass Offices» компаниясының эксклюзивті серіктесіне айналды. Ең бірінші мұндай орталық 2014 жылдың ақпанында Алматы қаласында ашылады, кейін Атырау және Алматы қаласында өз жалғасын табатын болады. Мұндай ынтымақтастық сонымен қатар Шағалаға компания басшылығы көздеген «Compass Offices» мүмкіндіктерін Қазақстаннан тыс жерлерге де дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Шағала мейманханалық бизнестің өскелең секторына шығу үшін, осы секторда жұмыс істейтін танылатын орнығып алған брендтермен келісімдер ресімдеу арқылы өз қадамын бастады. Алғашқы мұндай кешен Атырауда 2014 жылдың 2 тоқсанында ашылады және бұл өңірдегі біздің позицияларымызды нығайтады.



КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Компанияның мақсаты - мұнай-газ өңірінде даму, сондай-ақ өз позицияларын Атырау қаласындағы ең ірі жабдықтаушылардың бірі ретінде күшейту болып табылады. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияның стратегиясына төмендегідей түйінді элементтер кіреді:

- Мұнай-газ өнеркәсібінің қажеттіліктеріндегі тенденцияларды айқындау;
- Келген басшылардың орналасуы және тұруы бойынша жоғары сапалы қызметтер көрсету;
- Кеңейту процесін жеңілдету үшін қолданыстағы объектілерге тиесілі жер телімдерін сатып алу;
- Кеңсе ғимараттарды, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарды және азық-түлік дүкендерді, сондай-ақ

ойын-сауық кешендерін бірлестіру арқылы объектілер кешенінің сапасын арттыру;

- Орташа табыстары бар азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиісті тұрғын үй және коммерциялық объектілерді дамыту;
- Жергілікті сұранысты қанағаттандыру үшін қойма объектілері мен бөлшек сауда объектілерін егжей-тегжейлі жоспарлау.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

Азиялық Даму Банкі мен Қазақстан Үкіметінің деректері бойынша Қазақстанда 2013 жылы экономиканың қарқынды өсуі 6.0% атап көрсетілген. Бұл тенденция 2014 жылы да - 6% , 2015 жылы да - 6.4% жалғасатын болады. Бұл негізінен, республикадағы инвестициялаудың және мұнай-газ, тау-кен өндіру және ауыл шаруашылығы секторларындағы қызметтің



арқасында орын алып отыр. Қазақстан қолданыстағы инвесторлар санының көптігімен шетелдік инвестициялаудың қауіпсіз және тұрақты нысаны болып табылады. Инвесторлардың пікірі бойынша, тұрақтылық инвестициялық шешімдерді қабылдаудың түйінді көрсеткіші болып табылады. Статистика басқармасының деректеріне сүйенсек, Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 5.5% құрайды. Инфляция 2013 жылы 5.5% құрады. Оның сыртында, курс Қазақстандағы теңгенің долларға бағамы 1 доллар үшін 162.5 теңгені құрады. 2014 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің долларға қатысты 19% девальвациясы туралы шешім қабылдады.

Қазақстан күні бүгінге дейін дүние жүзі бойынша ірі кен орындары болып табылатын Қашаған, Қарашығанақ және Теңіз сияқты бірінші дәрежелі мұнай-газ объектілерімен қатар халықаралық мұнай-газ өнеркәсібінің алдыңғы желісінде қалуын жалғастырып келеді. Алайда, осы жобаларды іске асыру барысында инвесторлар мен Үкіметке түсетін қиындықтар мен кедергілер әлі де болса, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отырады. Дегенмен, Шағала осы үш ірі мұнай-газ жобасына болашақ Қазақстанның қаржылық негізі ретінде қарастырып отыр және біз өзіміздің инвестициялық іс-шараларымызды іске асыруды жалғастыра береміз. Біз Қазақстандағы инвестициялық мүмкіндіктері көп, қиындықтарын жеңіп шығуға болатын тұрақты климат деп санаймыз.

2013 жылдың аяғында Қашаған (Қашағанға 9-13 млрд. баррель тиесілі және ол Қазақстан теңізінің солтүстік бөлігіндегі

экологиялық күрделі секторда орналасқан) кен орнындағы жұмыстарды жүзеге асыру жобасы газ тасымалдайтын тұрба құбырларды жеп қоятын күкіртсутекті газдың жоғары коррозиялық жай-күйімен байланысты күрделі техникалық проблемаларға тап болды. Қолданыстағы құбыржолдарды ауыстыруға байланысты жұмсалған шығындар және осы шешімді іске асыруға қажетті мерзімдер қазіргі уақытта белгісіз, бірақ олар едәуір болады деп күтілуде. «Қашаған» жобасының күтпеген жерден тоқтауы нәтижесінде Қазақстанның алдында маңызды міндет тұр - бюджет бойынша табыстар деңгейін қолдау үшін қандай нақты шаралар қолданылатын болады және/немесе табыстар мен шығыстардың тепе-теңдігін сақтау үшін елдің бюджетіне қандай түзетулер енгізуге қабылданады – енді оны тек күту ғана қалып отыр.

Қарашығанақ – Қазақстанның солтүстік-батысындағы 9 миллион мұнай және газ қоры бар мұнай-газ-конденсатты кен орны болып табылады. Бұл уақытта өндіруді арттыру жөніндегі өзге де ірі инвестициялық жоспарлар уақытша тоқтатылған күйде қалып отыр, бұл жоба Қазақстан Республикасы Үкіметін үшін бірқатар пайдалы шешімдерінің көмегімен алға ұмтылады.

Теңіз ірі кен орнын өңдеумен айналысатын «Теңізшевройл», компаниялар консорциумы Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің басты ошағы болып қалып отыр. 2013 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы және партнерлер қол қойған ««Теңізшевройл» компаниясының Болашақты Кеңейту Жобасы мен Сағалық Қысыммен Басқару Жобасын іске асыру ниеттері туралы» Хаттама «Теңіз» кен орнындағы мұнай өндіру көлемін елеулі түрде арттыруға әкелетін болашақ инвестициялауға жол салатын болады.

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІК-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдіктерді басқару функциясы Бас директорға жүктелген. Компания өзінің бизнес-процестерінің бағалауын және мониторингін жүзеге асырады, осал жерлерін анықтайды және мүмкін тәуекелдіктердің алдын алады.



КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Шағала Групп» бөлігі ретінде «Каспий Лимитед» біз жұмыс істейтін және еңбекке орналастырудың қосымша мүмкіндіктерін құратын болашақ жергілікті қоғамдастықтың жағдайларын арттыруды негізгі міндет етіп қояды.

Қызметкерлері қаншалықты мықты болса, Компания да соншалықты мықты! Біз өз қызметкерлеріміздің дамуына үлес қосамыз және біздің күнделікті қызметімізде басшылық жасайтын бірқатар міндеттерді анықтадық. Сондай-ақ біз өз қызметкерлерімізді бір-біріне және жұртшылыққа қатысты жауапты азамат болуға шақырамыз.

ЖАҢА БАСТАМА

2013 жылы біз «Шағала Групп» бас директоры Франциско Паррилламен жыл сайын өткізілетін тұсаукесерімізді өткізу дәстүрін жалғастырдық. Бұл жылы Паррилла мырза «Шағала Групп» дамыту бойынша жоспардың жаңа бағытын ұсынды. Тұсаукесер – Жаңа бастама – өткен жылғы қызметтің оң нәтижелерін және қызметтің болашақ бағытын сипаттау арқылы барлық қызметкерлермен өткізілді. Негізінен, Паррилла мырза 2013 жылғы ірі жобалар мен жетістіктер туралы хабарлады, ондағы активтерді басқаруға, қызмет көрсетуге және салық салуға қатысты елеулі артықшылықтарды атап көрсетті. Ол Топ тұтынушыларының базасын нығайту, қызмет көрсету топтамасын жақсарту, сондай-ақ ішкі стандарттарды дамыту қызметтері кіретін 2014 жылға арналған мақсаттар мен міндеттерді анықтады.



ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЙЫНДАУ

Біз кәсіби және жеке тұлғаны дамытудың бірқатар бағдарламаларын дәлелдейміз және қолдаймыз. 2013 жылы біздің қызметкерлеріміз ағылшын және қазақ тілін үйрену курстарын қоса алғанда, бірнеше ішкі және сыртқы оқу бағдарламаларына қатысты.

ҚЫЗМЕТЕРЛЕРДІ КӨТЕРМЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біздің табысымыз – біздің қызметкерлерімізде – біз бұл сөзді жиі қайталаймыз және оған нақты дәлеліміз де бар. Біздің қызметкерлеріміз компанияға өз үлестерін елеулі түрде қоса біледі. Ақпан айында біз компанияда 15 жалдан астам қызмет атқарған «Каспий Лимитед» бес қызметкерін марапаттадық.

Сонымен бірге біз айрықша жеке көрсеткіштерге ие болған, өз жұмыстарын орындауда және компанияның өзге қызметкерлеріне қолдау көрсетуде өз үлесін қосқан қызметкерлерді марапаттау үшін, қызметкерлерді көтермелеу бағдарламасын қолдануды жалғастырамыз.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРМА

ШАҒАЛА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

2013 жылдың алғашқы жарты жылында 6 адамнан тұратын директорлар кеңесі Шағалаға басшылық жасауды жүзеге асырды. 2013 жылғы жыл сайынғы жалпы жиналыстан кейін кеңестегі директорлар саны 3-еге дейін қысқарды. Директорлар стратегияларды, бюджеттерді, капиталдық салымдарды құрастыруға, қарауға және енгізуге, сондай-ақ Топтың аға басшыларын тағайындауға және сыйақы беруге жауапкершілік алады. 2014 жылы Директорлар Кеңесі екі тәуелсіз директор тағайындау арқылы директорлар санын көбейтуді жоспарлап отыр.

«Шағала Групп» Директорлар Кеңесі бухгалтерлік есепке алу стандарттары бойынша Халықаралық кеңесте бекітілген Халықаралық Қаржы есептілік стандарттарына сәйкес құрылған және 2004 жылғы БВА Компанияларының актісіне сәйкес есепке алу құжаттарына сай келетін 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін Компанияның қаржылық жағдайы туралы есеппен, Табыстар мен шығыстар туралы есеппен, Ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы есеппен және өзге де құжаттамалармен бірге осы Есепті ұсынды.

Компания Британ Виргиния Аралдарының заңнамасына сәйкес құрылды. 2007 жылдың 27 ақпанында Компания Лондондағы Қор Биржасына Қатысушылардың Ресми Тізіміне енгізілді және Лондондағы Қор Биржасының Бас Нарығындағы сауданы жүзеге асыруға жіберілді. 2010 жылдың сәуірінде Ұлыбританияның тәртібі Премиялық және стандарттық санаттарға қайта құрылымдалды. Қазіргі уақытта Стандарттық санат бойынша кеңесші болып табылады.

Компания Британ Виргиния Аралдарының аумағында тіркелгендіктен және Стандарттық санаттың қатысушысы

болып табылатындықтан, ол Қаржылық есептілік («Кодекс») жөніндегі Кеңес жариялаған Ұлыбританияның Корпоративтік басқармасының аралас кодексінің талаптарын сақтауға тиіс емес. Алайда, Компания корпоративтік басқарма туралы ереже дайындауы тиіс. Британ Виргиния Аралдарының кодексіне тең мағыналас корпоративтік басқару режимі жоқ. Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың тиісті стандарттарымен танысты және Компания өзінің мөлшері мен ресурстарына, сипатына қатысты басқару саласында бірқатар рәсімдер мен саясаттарға ие екенін белгіледі.

Қазіргі уақытта Кеңес 3 директордан тұрады. 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін Кеңес төрағасы ретінде тәуелсіз директор болмаған Тимоти Л. Абсон болды. Сондықтан төменде сипатталған корпоративтік басқару нормаларын сақтау үшін бірқатар қосымша шаралар қабылдау қажет болды. Кеңес мүшелері компанияның мүдделерінде қақтығыстар туындаған жағдайда, өз міндеттерін орындау үшін компанияның жақсы жақтарын шешетіндей жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Бапқа сәйкес директорлар өздерін жыл сайынғы Директорлардың жалпы жиналысында қайтадан жаңа мерзімге ұсына алады. Компанияның Жарғысына сәйкес директорлар қайта шақырылуы немесе ауыстырылуы мүмкін.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ РӨЛІ

Директорлар Кеңесі Компания қызметінің басшылығына жауап береді. Бұған Компанияның ұзақмерзімді мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, бұл міндеттерді жүзеге асыруға қажетті жоспарлар мен стратегияларды құрастыру және оларды енгізуде басшылық жасауды жүзеге асыру кіреді. Кеңестің Компанияның күнделікті қызметіне басшылық жасау өкілеттіктеріне құқығы

болғанына қарамастан, ол Компания қызметіне қатысты барлық мәселелерде соңғы шешім қабылдауда басшылық рөлді өзіне қалдырады.

Кеңес Компанияның аға басшылығының Компания қызметін басқаруда Акционерлердің ең жоғары мүдделерін қолдауды жүзеге асыратынына және Компания қызметін басқаруға арналған іс-шараларының Кеңес міндеттеріне сәйкес келетініне көз жеткізуі тиіс.

Өз міндеттерін орындау барысында Кеңес ірі корпоративтік жоспарлар мен стратегиялық шешімдердің қадағалануын жүзеге асырады. Кеңестің стратегиялық жоспарлау процедурасына бюджетті үнемі тексеріп отыру, стратегиялық міндеттер мен компания бюджетіне қатысты мәселелерді басшылықтың талқылауы кіреді. Ең болмағанда жылына бір жиналыс басшылықтың ұсынысымен стратегиялық жоспарларға шолу жасауға арналуы тиіс.

Кеңес жылдық өндірістік және капиталдық бюджеттерді, материалдардың кез келген жойылуларын, компанияның күнделікті қызметінен тыс шығатын немесе бекітілген бюджетке ұсынылмаған сатып алуды немесе инвестициялауды, ұзақ мерзімді стратегияны, ұйымдастыруды дамыту жоспарларын және аға атқарушы қызметкерлердің тағайындалуын бекітеді.

Сондай-ақ кеңес басшылықтан қаржылық ақпаратты, өндірістік даму ақпаратын қоса алғандағы, басшылыққа өз міндеттерін орындау мүмкіндіктерін ұсыну үшін Компания қызметіне қатысты ақпараттың уақытылы ұсынылуын күтеді. Кеңес басшылықтан Компанияның стратегиялық жоспарларының жүзеге асырылуын және барлық мәселелерге қатысты Кеңес қызметін бағалауды күтеді.

Директорлар Кеңесінің негізгі міндеттеріне:

1. Компанияның кез келген бағалы қағаздарының шығарылуын бекіту;
2. Әдеттегі қызмет шегінен шығатын Компанияның кез келген берешегінің шығу көзін бекіту;
3. Жыл сайынғы күрделі және өндірістік бюджеттерге шолу жасау және бекіту;
4. Күрделі және өндірістік бюджеттердегі ірі ауытқуларға шолу жасау және бекіту;
5. Басшылықтың Ережесін және талдауын қоса алғанда, жыл сайынғы қаржылық есеп беруді, ақпараттық жарияланымдарды, меморандумдар мен процедураларды бекіту;
6. Бірлескен кәсіпорындарды қалыптастыру, инвестициялау, материалдарды орналастыру, сонымен бірге бекітілген бюджеттер көлемінен тысқары кез келген өзге де ірі шешімдерді бекіту;
7. Компанияның стратегиялық жоспарларына шолу жасау және бекіту, Компания жұмысын стратегиялық жоспарлау процесін қабылдау және оның жұмыс көрсеткіштерінің мониторингін өткізу;
8. Компанияның сыйақы төлеу жөніндегі жоспарларына шолу жасау және бекіту;
9. Директорлар Кеңесінің және Кеңес комитеттерінің құрамын, құрылымын және сипаттамаларын анықтау және Кеңес пен оның директорларының мониторинг процесін құру;
10. Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитет пен Ревизиялық Комитеттің мүшелерін тағайындау;
11. Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитет ұсыныстарының негізінде Акционерлер Кеңесіне үміткерлерді тағайындау;
12. Жаңа директорларға арналған қажетті білім беру және оқыту бағдарламаларын ұсыну;
13. Заңнаманың қолданылатын талаптарына сәйкес директорлардың тәуелсіз мәртебесіне қатысты талаптардың орындалуын бақылау;
14. Компанияның Іскерлік Мінез-құлық Кодексінің орындалу мониторинг жасау және қолданылатын заңнаманы сақтау;
15. Тәуелсіз директорларға арналған тұрақты жиналыстарды ұйымдастыру;
16. Ара-тұра осы Құжат пен Кеңестің және Комитеттің өзге де саясаттарына шолу жасау және өзгерістер енгізу;
17. Аға басшылықтың жұмыс көрсеткіштерін тағайындау және бақылау, аға басшылыққа арналған жоспар

құрастыру және тағайындау және сыйақы жөніндегі Комитетке кеңес беру, аға басшылықты сыйақы көлемін бекіту;

18. Компанияның негізгі тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтау үшін саясаттар мен процедуралардың болуына жауапты болу, Компанияның осындай тәуекелдерінің қолайлығын бағалау және тәуекелдерді басқару үшін тиісті жүйелердің болуына жауапты болу;
19. Компания тарапынан қолданыстағы заңдар мен ережелердің, оның ішінде сәйкес корпоративті ақпарат пен нормативтік есептілікті уақытылы ашу әрекеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін тиісті саясаттар мен процестерді қамтамасыз ету;
20. Директорлардың тәжірибесі мен білімі негізінде аға басшылыққа кеңес беру;
21. Директорларды және қажет болған жағдайда тәуелсіз кеңесшілерді басқаруға тікелей қолжетімділікпен қамтамасыз ету;
22. Кеңес пен Комитеттердің қызметін жыл сайын бағалау кіреді.

БІРІНШІ БАСШЫ

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Директорлар Кеңесі Топтың дағдылы қызметін Бірінші басшыға сеніп тапсырды және Компанияның стратегиялық міндеттері мен мақсаттарын түсіндірді.

КОМИТЕТТЕР

Директорлар Кеңесінің екі комитеті бар: (i) Тағайындау және Сыйақы бойынша Комитет және (ii) Ревизиялық Комитет.

Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитет

Хавьер дель Сер През Тағайындау және Сыйақы бойынша Комитетке басшылықты жүзеге асырады. Комитеттің басқа мүшесі Тимоти Л. Абсон болып табылады. Комитеттің

бірқатар қадағалау қызметтері, сонымен қатар, директорларды ауыстыру ретінде ұсынылған үміткерлердің жарамдылығын бағалау және аға қызметкерлерге сыйақы беру бойынша негізгі міндеттері, сондай-ақ осы міндеттерге қол жеткізу үшін адам ресурстары бар.

Егер Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитет мүшесі Комитетпен шешілетін мәселеде мүдделі болса, ол Комитетпен сол сұрақты қарастыру және бекіту процесіне қатысудан қалыс қалуы керек. Егер Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитеттің біреуден артық мүшесі қарастырылатын мәселеде мүдделі болса, онда Тағайындау және Сыйақы жөніндегі Комитеттің мүшесі болып табылмайтын, мүдделі емес директорлар сол сұрақты қарастыру және бекіту процессіне қатысатын болады.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі Комитеттің міндеттерінің толық сипаттамасы біздің компаниямыздың сайтында ұсынылған: www.chagalagroup.com.

Ревизиялық Комитет

Ревизиялық Комитет Директорлар Кеңесіне Компанияның қаржылық есептілігіне және ішкі бақылауына ықпал ететін кез келген маңызды мәселелерді қарастыру арқылы тәуекелдерді басқару процессін басқаруда көмек көрсетеді және оның келесідей міндеттері бар:

- i. Директорлар Кеңесіне қаржылық есептердің, біліктіліктің дұрыс ресімделуіне және тәуелсіздігіне және тәуелсіз аудиторлардың жұмысы мен заңды және заңнамалық қаулыларға сәйкес келуінде көмек көрсету;
- ii. Сыртқы аудиторлармен тексеріс өткізу жоспарын шолу жасау және бекіту, сыртқы аудиторлар Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуынсыз талқылағысы келетін есепке алу рәсімдерін, аудит бойынша есептер мен ішкі бақылауын бағалау және заңды және заңнамалық қаулылардың сақталуына кепілдік беру;
- iii. Директорлар Кеңесіне сыртқы аудиторлардың тағайындалуы немесе қайта тағайындалуы туралы, аудиторлық қызметтерді өткізгені үшін қаламақы және сыртқы аудиторларды жұмыстан шығару немесе шеттету туралы ұсыныс беру; және

iv. Сыртқы аудиторлармен ұсынылған өзге де кез келген аудиторлық емес қызметтерді алдын ала бекіту.

Тимоти Л. Абсон Ревизиялық Комитетті басқарады. Комитеттің басқа мүшесі Хавьер дель Сер Перез болып табылады.

Егер Ревизиялық Комитет мүшесі Комитетпен шешілетін мәселеде мүдделі болса, ол Комитетпен сол сұрақты қарастыру және бекіту процесіне қатысудан қалыс қалуы керек. Егер Ревизиялық Комитеттің біреуден артық мүшесі қарастырылатын мәселеде мүдделі болса, онда Ревизиялық Комитеттің мүшесі болып табылмайтын, мүдделі емес директорлар сол сұрақты қарастыру және бекіту процессіне қатысатын болады.

Ревизиялық Комитеттің міндеттерінің толық сипаттамасы біздің компаниямыздың сайтында ұсынылған: www.chagalagroup.com.

Әр комитеттің және әр директордың Компания есебінен тәуелсіз кәсіби кеңес алу үшін жүгінуге құқығы бар.

Сондай-ақ Компанияның Директорлардың және акциялар бойынша Аға Жауапты Қызметкерлерінің Жоспарлау мен Басқару саясаты бар, ол Лондондық Қор Биржасының негізінде Директорлардың Қызметті Жүзеге асырудың Үлгілі Кодексі арқылы қаланған. Директорлар Кеңесі қаржылық, өндірістік, заңды мәселелер мен тәуекелдерді басқарудың ішкі бақылауының жүйелері, рәсімдері, саясаты мен процестерінің тиімділігі мен мазмұндылығының сақталуы үшін жауапкершілікті ұғынады. Өз міндеттерін орындау барысында директорлар жұмыстың қаржылық көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу және тәуекелдерді

дер кезінде анықтау және барынша азайту және материалдық шығындар мен ысырабтардың нәтижесінде кепілдікті қамтамасыз ету үшін бақылау бағдарламасын енгізді. Компания алғаш рет ішкі аудиторды 2007 жылы тағайындады, бірақ ол кеткен соң, бұл лауазымды жабу туралы шешім қабылданды. Ішкі аудит лауазымын жабу туралы шешім Қазақстандағы әлеуетті үміткерлерді бағалағаннан кейін және қымбат тұратын шетелдік жұмыс күшін жұмылдырусыз лайықты үміткерлерді табу мүмкіндігі болмаған соң қабылданды. Осыған орай, Компания көлемі мен тәжірибелі маманды жұмыспен қамтуға әлеуетті шығындардың негізінде лауазымды жабу туралы шешім қабылданды.

Директорлар Кеңесі 2013 жылдың ішінде Директорлар Кеңесінің 8 жиналысын жүйелі түрде тағайындады және өткізді. Одан басқа, Ревизиялық Комитет пен Тағайындау және Сыйақы бойынша Комитет жыл бойына барлық қатысты мүшелердің қатысуымен жиналысқа шақырды.

Жеңілдікті баға бойынша акцияларды өткізу бағдарламасы өзгерістермен және толықтырулармен әрекетке енгізілді және Жалпы Жыл сайынғы Жиналыста қарастырылатын және бекітілетін болады.

Басқарушы тәуелсіз директор

Кеңес Франциско Паррилланы Компанияның акционерлерімен байланыс жөніндегі басқарушы директор етіп тағайындады. Сіз Паррилла мырзамен электрондық пошта арқылы хабарласа аласыз: f.parrilla@chagalagroup.kz.

Директорлар Кеңесі

Тимоти Лаирд Абсон мырза,



Директорлар Кеңесінің атқарушы емес төрағасы

Тим Абсон, Ұлыбритания азаматы, 2010 жылдың 31 желтоқсанына дейін «Шағала Групп» Бас атқарушы директоры болды және даму, инвестициялау мен өндірісті қоса алғанда, Топтың жалпы басшылығының барлық аспектілері үшін жауапты болды. Бірнеше бірлескен кәсіпорын құрғанша және Топтың құрылуына дейін 1994 жылы Тим 2 жыл бойы Қазақстанда мұнай-газ секторындағы «Track Limited» компаниясының бизнесті дамыту жөніндегі директоры болып жұмыс істеді. Сондай-ақ, ол бес жыл бойы Бахрейн мен Кувейттегі «Taylors Limited» және төрт жыл бойы Сауд Аравиясындағы «Spinney's 1948 Limited» компанияларында қызмет етті. Тимнің Лондондағы Американдық Бизнес Әкімшіліктеу Университеті саласында ғылым

бакалаврының дәрежесі бар. Кеңес Тимнің Атқарушы директор уәкілеттілігін алғаннан кейін, Қазақстандағы жемісті өзара қарым-қатынасын, ауқымды өндірістік тәжірибесін қоса алғанда, Төраға лауазымына таңдау үшін артықшылықтары мен әлеуетті кемшіліктерінің Төрағаның әлеуетті жұмысына қарсылығы мәніне зерделеп шықты, соның ішінде жаңа Бірінші басшы үшін оның өткен шешімдерін қорғады. Кеңес Бірінші басшыдан бастап Тәуелсіз Директорға дейін тиімді жоспар мен жаңа Бірінші басшы мен Төраға арасындағы кез келген мәселелердің шешімі үшін есептілік линиясын орнатты.

Франциско Паррилла мырза



Атқарушы директор және Бас директор

Паррилла мырза «Шағала Групп» компаниясының Күрделі Жобалар Директорның уәкілеттілігіне 2009 жылы тағайындалды, мұнда ол Қазақстандағы «Шағала Групптың» бірқатар күрделі жобаларын сәтті орындап шықты. Паррилла мырза 1997 жылы Өнеркәсіптік Инженер дәрежесімен Понтифиция де Комиллас Университетін, Испанияның Мадрид қаласында орналасқан, және 2005 жылы Іскерлік Әкімшіліктеу Магистрі дәрежесімен Лондондағы Бизнес-мектепті тәмамдады. Паррилла мырза 2012 жылдың 1 маусымынан бастап Директорлар Кеңесіне таңдап алынды.

Хавьер дель Сер мырза



Атқарушы емес директор

Хавьер дель Сер, Испания азаматы, қонақ үй, кеңсе және пәтер құрылысы мен өндірісі бөліміне басшылық ету мәселелерінде кеңес береді. Топтағы жұмысын бастағанша дейін, 2000 жылы Хавьер 4 жыл бойы Қазақстандағы Инвестициялық Қорын басқаратын «Kazakhstan Asset Management Company» директор лауазымында қызмет етті, сол кезде қордың бөлінісі мен инвестициялық мүмкіндіктерді анықтау үшін жауапты болды. Оған дейін ол Шри-Ланкадағы «Crescat Developments» компаниясында 2,5 жыл бойы басқарушы директор қызметін атқарды және қонақ үй мен көп функциялы кешендер құрылысы жобаларының құрылысы, қаржыландырылуы мен маркетинг үшін жауапты болды. Хавьер AIM альтернативтік инвестициялық нарықта листингіленетін «Sterpe Cement Limited» компаниясының бас директоры болып табылады, бұған қоса ол листингіленбейтін компаниялар қатарында директорлық қызметке ие. Хавьер Мадрид қаласындағы «ETSI Caminos, Canales, y Puertos» университетінің құрылыстық жобалау саласының магистрі ғылыми атағына және Франциядағы «NEC Jouy En Josas» бизнес-мектептің іскерлік әкімшілендіру магистрі ғылыми атағын алған.

ТОПТЫҢ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЛАРЫ:




Франциско Паррилла
Бас директор



Терранс Дж. Пауэлл
Бизнесті дамыту
жөніндегі директор



Маргарита Капустянская
Қаржы директоры



Рэджис Дениел
Өндіріс директоры



Эльмира Абдрахманова
Заң бөлімінің директоры



Юлия Юдина
Кадрлар бөлімінің
директоры



Мадина Елебекова
Топтың сату және
маркетинг бөлімінің
директоры

ӨҢІРЛІК БАСШЫЛЫҚ:




АҚТАУ/БАУТИНО
Мохаммед Фаззи
өңірлік бас менеджері



ОРАЛ
Анна Чепкаленко



АҚСАЙ
Джон Паттерсон
Директор



АТЫРАУ
Рауль Парралес
Бас менеджер



НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

«Шағала Групп» бірқатар көптеген мұнай-газ жобаларда Қазақстандағы тұрғын үй және кеңсе кешендерінің бірінші санатты жабдықтаушысы болып табылады. Біздің жетістігіміз Қазақстанда ауқымды көмірсутекті әлеуетті өндіретін компанияның болашақ қажеттіліктерін анықтау және сол талаптарды қанағаттандыру үшін қажетті активтерді жобалау, құрылысы мен басшылық ету болып табылады.

- Белгілі пайдаланушысы бар активтерді ғана жобалау және инвестициялау.
- Компанияның сапа, қауіпсіздік және үнеумдеуге қатысты беделін арттыру.
- Бірінші санатты қызметтерді ұсынуға бағытталған біздің персоналымызды уәждемеу.
- Басқа нысандағы активтер пайдасына бір нысандағы біздің өзара қарым-қатынасымызды бекіту.

«Каспий Лимитед» ЖШС

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2013 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл бойынша,
тәуелсіз тексерушілердің есебімен

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз тексерушілердің есебі

Қаржылық жағдайы туралы есеп	?
Табыстар мен шығындар туралы есеп	2
Жиынтықты табыс туралы есеп	3
Ақша қаржыларының қозғалысы туралы есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	5
Қаржылық есепке ескертулер	6

ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУШІЛЕРДІҢ ЕСЕБІ

«Каспий Лимитед» ЖШС қатысушысына:

Біз 2013 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына қаржылық жағдай туралы есептен, табыстар мен шығындар туралы есептен, жиынтық табыс туралы есептен, капиталының өзгеруі туралы есеп пен көрсетілген күнге дейін аяқталған жыл бойынша ақшалай қаржылардың қозғалысы, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы есеп пен басқа түсіндірме ақпараттан тұратын «Каспий Лимитед» ЖШС қоса берліген қаржылық есептілігіне тексеру жүргіздік.

Қаржылық есепшілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Компания басшылығы осы қаржылық есепшіліктің дайындауына және анық болып, әділсіз әрекеттер мен қателік әкелген маңызды бұрмалаулары жоқ қаржылық есепшілік дайындауында енгізіп, Қаржылық есепшілік халықаралық стандартқа және есеп саясатына сәйкес келуіне жауапкершілікке тартылады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген тексеру негізінде осы қаржылық есепшілік туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз тексеруді Тексерудің халықаралық стандарттарына сәйкес өткіздік. Осы стандарттар біздің тарапымыздан этикалық нормалардың сақталуын және қаржылық есепшіліктің айтарлықтай бұрмалануының жоқтығына жеткілікті сенімділік алу үшін тексеруді жоспарлап, жүргізгенімізді талап етеді.


Тексеруге қаржылық есепшілікте көрсетілген сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуы енеді. Рәсімдерді таңдау тексерушінің пайымдауына байланысты, оның ішінде жауапсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық тәуекелін енгізе отырып, негізделеді. Осы тәуекелдерді бағалау кезінде тексеруші міндеттерге сәйкес келетін, бірақ ішкі бақылаудың тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатымен емес, аудиторлық міндеттерін дайындауға қаржылық есебін дәлелді

ұсынуы мен құруы үшін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудит, сонымен бірге, жетекшімен жасалған бухгалтерлік бағалауының шарттауы және қолданылған есеп саясатының дұрыс сипатын, сонымен бірге толығымен қаржылық есебін ұсыну бағасын енгізеді.

Біз, бізбен алынған аудиторлық дәлелдер біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін дәлелді және нақты болып келеді деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, қаржылық есеп 2013 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияның қаржылық жағдайының барлық мағыналы қатынастарын дәлелді білдіретінін, сонымен бірге Қаржылық есеп беруінің Халықаралық стандарттарымен сәйкес аталған күнге біткен, жыл аралығында ақша қаржыларының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.



Аудит бойынша серіктес / Джим Дакер

«Эрнст энд Янг» ЖШС бас директоры / Аудитор Евгений Жемалетдинов

Қазақстан Республикасының Аудитордың біліктілік куәлігі
аумағында аудиторлық № 0000553 2003 жылғы 24
қызметпен айналысуға желтоқсан
мемлекеттік лицензия: сериясы
МОЮ - 2, 2005 жылғы 15 шілде
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігімен берілген
№ 0000003

20 наурыз 2014 жыл

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылдың 31 желтоқсанына

Мың теңгемен	Ескерту	2013	2012
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер	6	12,419,364	15,261,632
Негізгі қаражаттар	7	1,834,154	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		5,711	8,677
Материалдық емес активтер	6	116,353	113,905
Күрделі аяқталмаған құрылыс	6	11,437	14,120
Ұзақ мерзімді аванстар	26	49,800	-
Байланысты тараптардың берешегі		2,165	4,103
Қолданылуы шектеулі ақшалай қаражаттар		14,438,984	15,402,437
Қысқа мерзімді активтер			-
Тауарлық-материалдық қорлар	8	309,112	444,293
Дебиторлық берешек	9	319,330	597,277
Салықтар бойынша алдын ала төлеу	10	11,224	78,097
Бірлескен табыс салығы бойынша алдын ала төлеу		189,043	161,274
Байланысты тараптардың берешегі	26	1,560,637	1,069,807
Басқа да алдын ала төлемдер	11	24,832	31,185
Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері	12	56,673	16,197
		2,470,851	2,398,130
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	6	400,736	-
		2,871,614	2,398,130
Барлығы активтер		17,310,598	17,800,567
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал			
Бөлінбеген табыс	13	5,656,808	5,656,808
Мерзімі шегерілген салықты қоспағанда, қайта		1,812,448	1,652,049
Бағалау бойынша резерв		5,286,462	5,302,939
Барлығы капитал		12,755,718	12,611,796
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қарыздар	14	620,106	971,931

Төлеуге облигациялар	17	2,127,944	2,095,343
Туынды қаржылық құралдар	15	-	42,686
Мерзімі шегерілген салық бойынша міндеттемелер	25	1,126,213	1,059,215
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	-	35,584
		3,874,263	4,204,759
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	14	351,825	340,225
Қысқа мерзімді қарыздар	16	-	299,998
Төлемге пайыздар		27,903	30,725
Сауда кредиттік берешек	18	146,120	139,834
Клиенттерден алынған аванстар		85,592	96,103
Төлеуге салықтар	19	63,174	2,328
Байланысты тараптар алдындағы берешек	26	3,137	71,794
Басқа да кредиторлық берешек пен есептеулер	21	2,866	3,005
		680,617	984,012
Барлығы міндеттемелер		4,554,880	5,188,771
Барлығы капитал мен міндеттемелер		17,310,598	17,800,567


2014 жылғы 20 наурыз қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді

Бас директор



Франциско Паррилла

Бас бухгалтер



Сәуле Тұқтабаева

ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсан аяқталған жыл бойынша

Мың теңге	Ескерту	2013	2012
Нөмірлер мен жалға беруден түсетін табыс	5	2,759,204	2,688,207
Азық-түлік пен сусындарды сатқаннан түсетін табыс	5	361,035	667,334
Басқа операциялық табыстар	5	309,105	310,763
Барлығы ақшалай түсім		3,429,344	3,666,304
Коммуналдық қызметтер, жинау және техникалық қызмет		(1,146,374)	(1,015,681)
Азық-түлік пен сусынға жұмсалатын шығындар		(84,270)	(237,079)
Қызметкерлердің жалақысы және басқа да төлемдер	22	(192,433)	(344,892)
Жалпы және әкімшілік шығындар		(584,211)	(689,099)
Тозу және амортизация	5	(686,390)	(889,730)
Операциялық табыс		735,666	489,823
Оң (теріс) курстық айырмашылық, нетто			
Жер мен ғимараттарды қайта бағалау		1,046	(5,499)
Жер мен ғимараттарды қайта бағалау	6		(1,850,331)
Негізгі қаражаттың шығып қалуынан шығындар		(74,187)	(194,833)
Қаржыландарудан түсетін табыстар	23	17,236	4,720
Қаржыландыруға жұмсалатын шығындар	23	(399,069)	(390,881)
Басқа табыс		368	40,639
Басқа шығындар	24	(70,140)	(60)
Табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі табыс/(шығын)		210,920	(1,906,422)
(Шығындар) / табыс салығы бойынша жеңілдік	25	(66,998)	366,416
Бір жыл ішіндегі таза табыс (шығын)		143,922	(1,540,006)

2014 жылғы 20 наурыз қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді

Бас директор  Франциско Паррилла


Бас бухгалтер  Сәуле Тұқтабаева


ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсан аяқталған жыл бойынша

Мың теңгеде	Ескерту	2013	2012
Жыл бойынша таза табыс / (шығын)		143,922	(1,540,006)
Басқа жиынтық шығын			
Кейінгі кезеңдерде табыс немесе шығынның құрамына қайтадан жіктелмейтін басқа да жиынтық шығын:			
Жер мен ғимараттарды қайта бағалау.	6	-	(276,894)
Табыс салығының әсері	25	-	55,379
Салықтарды есептемегенде, жер мен ғимараттарды қайта бағалау		-	(221,515)
Салықтарды есептемегенде, жыл бойынша жиынтық табыс (шығын)		143,922	(1,761,521)

2014 жылғы 20 наурыз қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді

Бас директор  Франциско Паррилла

Бас бухгалтер  Сәуле Тұқтабаева

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП


2013 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл бойынша

Мың теңге	Ескерту	2013	2012
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай ағындар			
Табыс салық бойынша шығындарға дейін табыс / (шығын)		210,920	(1,906,422)
Келесілерге түзетулер:			
Тозу	6,7	682,680	876,204
Амортизация		3,710	13,526
Жүзеге асырылмаған теріс /(оң) курстық айырмашылық		713	(3,512)
Күмәнді берешек бойынша резервтегі өзгеріс		(1,803)	18,578
Қаржыландырудан түсетін табыстар	23	(17,236)	(4,720)
Қаржыландыру бойынша шығындар	23	399,069	390,881
Негізгі қаражаттың шығып қалуынан шығындар		74,187	194,833
Табыстар мен шығындар туралы есепте танылған негізгі қаражаттарды қайта бағалау	6	-	1,850,331
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттар		1,352,240	1,429,699
Операциялық активтердегі азаюлар /(көбеюлер):			
Тауарлық-материалдық қорлар		135,181	(108,729)
Дебиторлық берешек		280,708	(135,865)
Қарыздардан басқабайланысқан тараптардың берешегі		(126,553)	(45,515)
Басқаактивтер		74,574	32,832
(Азаю) / Операциялық міндеттемелердегі көбеюлер:			
Кредиторлық берешек		1,946	883
Қарыздардан басқабайланысты тараптарға берешек		(20,335)	(43,446)
Басқакредиторлық берешек		14,612	100,914
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі		1,712,373	1,230,773
Төленген пайыздар		(365,833)	(403,517)
Төленген табыс салығы		(27,769)	(57,138)
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсуі		1,318,771	770,118
Инвестициялық қызметтен ақшалай ағындар			
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	26	(534,750)	(359,517)
Байланысты тараптар төлеген қарыздар	26	121,897	173,908
Негізгі қаражатты сатып алу		(187,383)	(421,396)
Негізгі қаражаттардың шығуынан түсімдер		(16,284)	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу		55,691	346

Мың теңге	Ескерту	2013	2012
Материалдық емес активтерді сатып алу		(745)	-
Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(561,574)	(606,659)
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	26	-	30.118
Байланысты тараптардың қарыздарын төлеу	26	(48,958)	(398,864)
Ұзақ мерзімді қарыздарды төлеу		(340,225)	(2,222,801)
Ұзақ мерзімді қарыздар мен кредиттер алу		-	233,000
Облигациялар шығару		-	2,088,419
Келісім бойынша шығындар	15	(27,522)	-
Қысқа мерзімді қарыздарды төлеу		(299,998)	(2,190,538)
Қысқа мерзімді қарыздар алу		-	2,190,536
Қаржылық қызметтегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(716,703)	(270,130)
Ақшалай қаражаттардың және олардың эквиваленттерінің таза көбеюі / (азаяуы)		40,494	(106,671)
Ауыспалы курстардағы өзгерістердің ақша қаражаттарына және олардың эквиваленттеріне тигізетін әсері		(18)	(241)
Жылдың басына ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	12	16,197	123,109
Жылдың аяғына ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	12	56,673	16,197

2014 жылғы 20 наурыз қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді

Бас директор  Франциско Паррилла

Бас бухгалтер  Сәуле Тұқтабаева

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл бойынша

Мың теңге	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Барлығы
2012 жылдың 1 қаңтарына	5,656,808	5,652,351	3,064,158	14,373,317
Жыл ішіндегі таза шығын	-	-	(1,540,006)	(1,540,006)
Басқа жиынтық шығын	-	(221,515)	-	(221,515)
Барлығы жиынтық шығын	-	(221,515)	(1,540,006)	(1,761,521)
Басқа өзгерістер	-	(127,897)	127,897	-
2012 жылдың 31 желтоқсанына	5,656,808	5,302,939	1,652,049	12,611,796
Жыл ішіндегі таза түсім	-	-	143,922	143,922
Барлығы жиынтық табыс	-	-	143,922	143,922
Басқа өзгерістер	-	(16,477)	16,477	-
2013 жылдың 31 желтоқсанына	5,656,808	5,286,462	1,812,448	12,755,718

2014 жылғы 20 наурыз қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді

Бас директор

Франциско Паррилла

Бас бухгалтер

Сәуле Тұқтабаева

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Каспий Лимитед» ЖШС (бұдан әрі «Компания») 1994 жылғы 20 шілдеде Шағала тобының құрамында құрылған болатын. Компания Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілгендей жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады және Голландияда тіркелген «Chagala International Holding B.V.» және «Chagala Cooperatief U.A.» еншілес компаниялар арқылы «Chagala Group Limited» (бұдан әрі «Шағала компаниясының тобы» немесе «Аналық компания») еншісінде.

Шағала компаниясының тобы Қазақстанның әр түрлі қалаларында әр түрлі нысандардағы және нұсқалардағы жылжымайтын мүлік объектілерін дамытуға бағытталған құрылысшы мен инвестор болып табылады. Шағала компаниясының тобында мейманханалардың алуан түрлі жинағы, қызмет көрсететін апартаменттер мен кеңселік үй-жайлар бар, сондай-ақ өңірдегі мұнай және газ өнеркәсібінің халықаралық кәсіпорындар жұмыс істейтін кәсіпкерлер мен білікті мамандар тарапынан сапалы кеңселер мен тұрғын үй ғимараттарына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұсынады.

18 жылдан астам тарихында Компания:

- бизнесмендер мен мұнай және газ саласының қызметкерлер арасынан клиенттерді қабылдау үшін мейрамханалық қызмет көрсету енетін үш жұлдызды мейманхана;
- оларда тұрып жатқан клиенттерге толық қызмет көрсетумен жоғары сапалы апартаменттер мен таунхаустар;
- өз бетінше қызмет ететін бірқатар мейрамханалар мен барлар;
- халықаралық стандарттағы кеңсе ғимараттарын тұрғызды.

2012 жылы Компания персоналының бір бөлігін «Шағала Менеджмент» ЖШС, Компанияның операциялық және әкімшілік қызметтерін көрсететін «Chagala Group Limited» еншілес компанияға ауыстырды.

2013 жылы Компания мейрамханаларды, мейманханалар мен пәтерлерді жедел жалға беру шарты бойынша «Шағала Менеджмент» ЖШС ауыстырды.

Компанияның тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы Атырау қаласы, 060002, «Шағала» қонақ үйі, Исмағұлов көшесі, 1 мекенжайы бойынша орналасқан.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ

Дайындаудың негізі

Берілген қаржылық есептілік төмендегі есеп саясатында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді.

Қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, және осы қаржылық есептіліктегі барлық мағыналар басқасы көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайларда, мың бүтінге дейін жинақталған.

Компанияның қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңес бекіткен (ҚЕХС жөніндегі кеңес) редакциядағы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалды.

2.1 Есеп саясаты мен ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

Қабылданған есеп саясаты 2013 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген жаңа немесе қайта қарастырылған Стандарттар мен Түсіндірулерді қоспағанда, бұдан бұрынғы қаржылық жылы қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді:

- ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», БЕХС 27 «Дербес қаржылық есептілік»;
- ҚЕХС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім» және БЕХС 28 «Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар»
- ҚЕХС (IFRS) 12 «Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»
- ҚЕХС (IFRS) 13 «Әділ құнды бағалау»;

- ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге төленетін сыйақы» (2011 жылғы редакцияда)
- ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер «Басқа жиынтық табыстың мақалаларын ұсыну»
- ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер «Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптардың түсіндірмесі»;
- ҚЕХС (IFRS) 7 түзетулер «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу – қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің өзара шегерімі».

Стандарттар мен түсіндірулердің қабылдануы төменде сипатталған:

ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», БЕХС (IAS) 27 «Дербес қаржылық есептілік»;

ҚЕХС (IFRS) 10 шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін есепке алуды қарастыратын БЕХС 27 «Шоғырландырылған және дербес қаржылық есептіліктің» бір бөлігін ауыстырады. Сонымен қатар САЖБ-12 «Шоғырландыру – мақсатты компаниялар» көтерілген сұрақтарды қарастырады. ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» арнайы мақсаттағы компаниялармен бірге, компаниялардың барлық түрлеріне қолданылатын бақылаудың бірегей үлгісін қарастырады. ҚЕХС (IFRS) 10 ұсынылған өзгерістер басшылықтан қандай кәсіпорындардың бақылауда екенін анықтау үшін маңызды пайымдар қолдануды талап ететді, осылайша БЕХС (IAS) 27 ұсынылған талаптармен салыстырғанда аналық компаниямен шоғырлануы тиіс. Бұл жаңа стандартты қолдану қаржылық жағдайға немесе Компания қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»

ҚЕХС 11 ҚЕХС (IAS) 31 «Бірлескен қызметке қатысу» және САЖБ-13 «Бірлесіп бақыланатын компаниялар – қатысушылардың монетарлық емес салымдары» ауыстырады. ҚЕХС (IFRS) 11 пропорционал шоғырландыру әдісімен бірлесіп бақыланатын компанияларды есепке алу мүмкіндігін алып тастайды. Оның орнына бірлескен кәсіпорындар анықтамасын қанағаттандыратын бірлесіп бақыланатын компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Бұл жаңа стандартты қолдану қаржылық жағдайға немесе Компания қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

БЕХС (IAS) 28 «Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)

ҚЕХС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім» және ҚЕХС (IFRS) 12 «Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу» жариялау нәтижесінде, ҚЕХС (IAS) 28 атауы ҚЕХС (IAS) 28 «Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен

кәсіпорындарға инвестициялар» өзгертілді. Стандарттың жаңа редакциясында үлестік қатысу әдісін ассоциацияланған компанияларға ғана қатысты емес, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындардың инвестицияларына қатысты да қолдану сипатталады. Қайта қарастырылған стандарт қаржылық жағдайға немесе Компания қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 12 «Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»

ҚЕХС (IFRS) 12 еншілес ұйымдардағы, бірлескен қызметтегі, ассоциацияланған және құрамдастырылған компаниялардағы компанияның қатысу үлестеріне қатысты ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды белгілейді. ҚЕХС (IFRS) 12 талаптары еншілес ұйымдар туралы ақпаратты ашуға қатысты бұрын қолданылған талаптарға қарағанда анағұрлым кең болып табылады. Стандарт қаржылық жағдайға немесе Компания қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 13 «Әділ құнды бағалау»;

ҚЕХС (IFRS) 13 бір стандартта ҚЕХС сәйкес әділ бағаны бағалауға қатысты барлық нұсқаулықтарды біріктіреді. ҚЕХС (IFRS) 13 компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті кезде өзгерістерді енгізбейді, ҚЕХС сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты нұсқаулықтарды ұсынады. ҚЕХС (IFRS) 13 шығару бағасы ретінде әділ құнды анықтайды. ҚЕХС (IFRS) 13 нұсқаулықтардың нәтижесінде, Компания әділ құнды бағалау бойынша өзінің саясатын, атап айтқанда, міндеттемелерді бағалаудың әділ құны бойынша орындалмаудың тәуекелі ретінде бағалау бойынша өзінің бастапқы деректерін қайта қарастырды.

ҚЕХС (IFRS) 13 қолдану Компания анықтайтын әділ құнды бағалауға маңызды әсер еткен жоқ. Ол қажет болған жерде, қосымша ақпарат әділ құны анықталған активтер мен міндеттемелер бойынша жеке ескертулерде ашылады. Әділ құндағы дереккөздердің иерархиясы 28 Ескертуде ашылған.

ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге төленетін сыйақы» (түзетулер)

ҚЕХС (IAS) 19 белгіленген төлемдері бар жоспарларды есепке алуға бірқатар түзетулер енеді. Атап айтқанда, қайта қарастырылған стандартқа сәйкес актуалды түсімдер мен шығындар басқа жиынтық табыста есепке алынады, және тұрақты негізде түсімдер мен шығындардан алынып тасталған; жоспардың активтері бойынша күтілетін табыстылық бұдан әрі түсімдер мен шығындарда мойындалмайды, оның орнына белгілі бір төлемдер бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылатын дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып есептелген түсімдер мен шығындардағы белгілі бір төлемдермен жоспар бойынша таза міндеттеме (актив) бойынша пайызды мойындау талабы бар; қызметкерлердің бұрынғы қызметтерінің қамтамасыз етілмеген құны түзету туындаған кезде немесе шартты өзгерту немесе бұзуға сәйкес шығындар танылған кезде

түсімдер мен шығындарда танылады, қай оқиға ерте туындауына байланысты. Басқа түзетулер жаңа ашулар бойынша талаптарға жатады, мысалы, сандық сезімталдық бойынша ақпаратты ашуға қатысты. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IAS) 1 «Басқа жиынтық табыстың мақалаларын ұсыну» - БЕХС 1 түзетулер

ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер басқа жиынтық табыс құрамында ұсынылған мақалалардың топтасуын өзгертеді. Белгілі бір уақыт ішінде түсімнің немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге болатын мақалалар (мысалы, сату үшін қолда бар қаржылық активтер бойынша таза шығындар немесе табыстар) ешқашан жіктелмейтін мақалалардан бөлек ұсынылуы тиіс (мысалы, белгіленген төлемдер жоспарлары және жер учаскелері мен ғимараттарын қайта бағалау бойынша актуалды табыстар мен шығындар). Түзету тек ұсынуға ғана әсер етеді және де Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

ҚЕХС (IAS) 1 «Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптардың түсіндірмесі (түзету)»

Бұл түзету ерікті негізде ұсынылатын қосымша салыстырмалы ақпарат пен қажетті салыстырмалы ақпараттың арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Компания қаржылық есептіліктің сәйкес ескертулеріне салыстырмалы ақпаратты енгізуі тиіс, сол кезде ол ерікті негізде бір салыстырмалы кезең бойынша мәліметтерге қосымша салыстырмалы ақпаратты ұсынады. Түзету, компания ретроспективті түрде есеп саясатын қолданатын, ретроспективті қайта есептеуді жүзеге асыратын немесе қаржылық есептіліктің мақалаларын қайта жіктейтін жағдайларда ұсынылатын қаржылық жағдайлар туралы кіріспе есепке сәйкес ескертулерді ұсыну қажет емес екенін түсіндіреді. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 7 түзетулер «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу»

Бұл түзетулерге сәйкес, компаниялар өзара есепке алуларды жүзеге асыру құқығы және сәйкес келісімдер туралы ақпаратты (мысалы, қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісім) ашуға міндетті. Осындай талаптарға сәйкес пайдаланушылардың компанияның қаржылық жағдайына өзара есеп алулар туралы келісімдердің әсерін бағалау үшін пайдалы ақпараты болады. Ақпаратты ашуға қатысты жаңа талаптар ҚЕХС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ұсыну» сәйкес өзара есепке алынатын танылған қаржылық құралдардың барлығына қатысты қолданылады. Бұл түзетулер сонымен бірге ҚЕХС (IAS) 32 сәйкес есепке алынғанына тәуелсіз санкция құқығымен немесе «ұқсас» келісіммен қамтамасыз етілген өзара есеп туралы бас келісімнің әрекетіне түсетін танылған қаржылық құралдарға қатысты

қолданылады. Бұл түзетулер қаржылық жағдайға немесе Компания қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

Жыл сайынғы жетілдірулер - 2009-2011 жылдар

Бұл түзетулер 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе бұл күннен кейінгі жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл жетілдірулер Компанияға әсерін тигізген жоқ, алайда енеді:

ҚЕХС (IAS) 16 «Негізгі қаражаттар»

Бұл жетілдіру негізгі қаражаттарды қанағаттандыратын қосалқы бөлшектер мен қосыша жабдықтар қор болып табылмайтынын түсіндіреді.

ҚЕХС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ұсыну»

Бұл жетілдіру акционерлердің пайдасына төленуге жататын табыс салығы ҚЕХС (IAS) 12 «Түсімге салынатын салық» сәйкес есепке алынатынын түсіндіреді.

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түзетулер

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түзетулер келтірілген. Компания бұл стандарттарды күшіне енген сәттен бастап қолдануға ниет білдіреді.

Жыл сайынғы жетілдірулер - 2010-2012 жылдар

Бұл жетілдірулер Компанияға әсерін тигізбейді, алайда енеді:

ҚЕХС (IFRS) 2 «Акцияларға негізделген төлемдер»

Жетілдіру «құқықтарды беру талаптарының» және «нарықтық конъюнктураның» анықтамасына түзету енгізеді және «өнімділіктің жағдайы» және «жұмыстың талаптары» анықтамасын толықтырады.

ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»

Жетілдіру бизнесті біріктіру кезіндегі шартты сыйақы үшін есепке алуды бұйырады. Түзету сонымен қатар актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты сыйақы әрбір есеп беру кезеңіне әділ құн бойынша бағалануы тиіс екенін нақтылайды.

ҚЕХС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер»

Түзету кәсіпорындардан операциялық сегменттерге біріктіру белгілерін қолдану кезінде басшылық жасаған пайымдарды ашуды талап етеді. Қосымша жетілдіру, сонымен бірге, сегменттердің активтері бойынша есептер тұрақты негізде ұсынылатын жағдайда ғана кәсіпорынның активтерімен есептік сегменттердің жалпы активтерінің салыстырмалы тексерісін ұсыну қажеттілігін түсіндіреді.

ҚЕХС 13 «Әділ құнның бағасы»

Түзету жарияланған ҚЕХС (IFRS) 13 және ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IAS) 39 түзетулер дисконттаудың болмауының әсері айтарлықтай маңызды болмаса, дисконттаусыз олардың сомасы бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлемесіз қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешекті бағалау мүмкіндігінің жойылмағандығын түсіндіреді.

ҚЕХС (IAS) 16 «Негізгі қаражаттар»

Түзету негізгі қаражат объектісі қайта бағаланатын кезде, жаппай теңгерімдік құнына теңгерімдік құнын қайта бағалауға сәйкес түзету енгізілетінін түсіндіреді.

ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»

Жетілдіру кәсіпорынға есеп беретін немесе есеп беретін кәсіпорынның аналық компаниясының маңызды басқару персоналының қызметін ұсынатын кәсіпорын есеп беретін кәсіпорынның байланысты тарапы болып табылатынын түсіндіреді.

ҚЕХС (IAS) 38 «Материалдық емес активтер»

Түзету материалдық емес актив қайта бағаланатын кезде, жаппай теңгерімдік құны теңгерімдік құнның қайта бағалануына сәйкес түзету енгізілетінін нақтылайды.

Бұл түзетулер 2014 жылдың 1 шілдесінен немесе осы күннен кейінгі жылдық есеп беру кезеңіне қатысты күшіне енеді.

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдірулер 2011-2013 жылдар

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдірулер (2011-2013 жылдар) 2011-2013 жылдар циклінде қарастырылған төрт мәселенің жауабы ретінде ҚЕХС түзетулердің жиынтығы болып табылады. Оларға келесі түзетулер енеді:

ҚЕХС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғашқы қолдану»: мағынасы қолданыстағы ҚЕХС;

ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»; бірлескен кәсіпорындарға қатысты емес;

ҚЕХС (IFRS) 13 «Әділ құнды бағалау»: 52 параграф (портфельді қоспағанда);

ҚЕХС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік»: Мүлікті жылжымайтын мүлік немесе меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүліктің объектісін жіктеу кезінде ҚЕХС (IFRS) 3 және ҚЕХС (IAS) 40 арасындағы өзара байланысты нақтылау.

ҚЕХС (IAS) 19 Белгіленген төлемдермен жоспарларға құқықтары бар қызметкерлерге сыйақылар: Қызметкердің жарналары (ҚЕХС (IAS) 19 түзетулер)

Бұл шектеулі түзетулер қызметкерлердің немесе үшінші тараптардың белгіленген төлемдермен жоспарларға жарналарына қатысты қолданылады. Түзетулер қызметкердің еңбек

сіңірген жылдарына байланысты болмайтын, мысалы, жалақыдан белгіленген пайызға сәйкес есептелетін қызметкердің жарнасы бойынша жарналарды есепке алуды жеңілдетуге бағытталған. Түзетулер 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді, ұзақ мерзімді пайдалануға рұқсат етіледі.

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар»

ҚЕХС (IAS) 39 ауыстыру бойынша ҚЕХС жөніндегі кеңес жобасының бірінші кезеңдерінің нәтижелері бойынша шығарылған ҚЕХС (IFRS) 9 (ағымдағы нұсқа) ҚЕХС (IAS) 39 және хеджерлеу есебінде анықталғандай қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты қолданылады. Компания бұл стандарттың қаржылық есептілікке тигізетін әсерін стандарттың қорытынды нұсқасы шыққаннан кейін бағалайды.

ҚЕХС (IAS) 32 түзетулер «Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің өзара есебі»

Бұл түзетулердің аясында «қазіргі уақытта өзара есепті жүзеге асыру үшін бекітілген заңды құқығына ие» сөйлемінің мағынасы түсіндіріледі. Түзетулер сонымен бірге бір реттік емес жаппай төлемдердің механизмдері қолданылатын есептердің жүйелеріне қатысты ҚЕХС (IAS) 32 өзара есептердің (бірегей клирингтік орталықтың жүйесі ретінде) белгілерін қалайша дұрыс қолдану керектігі сипатталады. Түзетулер 2014 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп беру кезеңі үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді деп күтілуде.

1FR1C 21 түсіндіру «Міндетті төлемдер»

21 түсіндіру компания сәйкес заңнамамен белгіленген төлемдердің қажеттілігімен шартталатын қызмет орын алған жағдайда жинаулар мен басқа да міндетті төлемдерге қатысты міндеттемені мойындауы тиіс екенін түсіндіреді. Ең аз деңгейлі мағынаға жеткен жағдайда төлем талап етілетін міндетті төлем жағдайында, түсіндіруде белгіленген ең аз деңгейлі мағынаға қол жеткізгенге дейін болжанатын міндеттемені мойындауға тыйым белгіленеді.

IFRIC 21 түсіндіру 2014 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп беру кезеңі үшін күшіне енеді. IFRIC 21 түсіндіру Компанияның қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IAS) 39 түзетулер «Туынды құралдардың жаңартпасы және хеджерлеуді есепке алуды жалғастыру»

Бұл түзетулерде хеджерлеудің құралы ретінде белгіленген туынды құралдың жаңартпасы белгіленген талаптарға жауап беретін жағдайда хеджерлеуді есепке алуды тоқтату туралы талаптан алып тастау қарастырылған. Бұл түзетулер 2014 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп

беру кезеңі үшін күшіне енеді. Компания хеджерлеуді есепке алуды қолданбайды, осылайша, бұл түзетулерді Компанияда қолдануға болмайды.

ҚЕХС (IAS) 36 түзетулер «Активтердің құнсыздануы» - «Қаржылық емес активтер үшін төленетін құны туралы ақпаратты ашу»

Бұл түзетулер ҚЕХС (IFRS) 13 күшіне енуімен байланысты ҚЕХС (IAS) 36 сәйкес ақпаратты ашу үшін жағымсыз салдарды жояды. Оған қоса бұл түзетулер есеп беру кезеңінің ішінде құнсызданудан шығын мойындалған немесе қалпына келтірілген активтердің немесе ААҚБ төленетін құны туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Бұл түзетулер құнсызданған қаржылық емес активтердің төленетін құны, егер бұнда құны әділ бағаға негізделген болса, және ретроспективті түрде 2014 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп беру кезеңдеріне қатысты қолданылатын болса, ҚЕХС (IFRS) 13 қолданылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 2013 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына Компанияда бұндай активтер болған жоқ. Осылайша бұл түзетулерді қабылдау Компанияның қаржылық жағдайына немесе қаржылық көрсеткішіне әсер етпейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ШОЛУЫ

3.1 Шетелдік валюталарды қайта есептеу

Қаржылық есептілік функционалды валюта және Компания ұсынатын валюта болып табылатын теңгемен ұсынылған.

Шетел валютасындағы операциялар спот функционалдық валютаның курсы бойынша тану үшін алғашқы жіктелген транзакция өткен күнге бастапқыда есепке алынады.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер осы есеп күнінде әрекет етілген валюталық спот-курс функционалдық теңгеде қайта есептеледі. Монетарлық мақалаларды төлеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын курстық айырмашалықтар түсім мен шығындардың құрамына енгізіледі.

Тарихи құнының негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес мақалалар бастапқы мәмілелер жасалған күнге әрекет еткен курстар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес мақалалар әділ құн белгіленген күнге еткен курстар бойынша қайта есептеледі.

Ресми айырбастау курстары ретінде Қазақстан Республикасында Қазақстандық қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа бағамдалған валюталық курстар қолданылады.

Осы қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде келесі теңгеге қатысты АҚШ долларының айырбастау курстары қолданылды:

	31 желтоқсанға	Орташа мағынасы жыл бойынша
2013	153.61	152.14
2012	150.74	149.11

3.2 Активтер мен міндеттемелердің жіктелуі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың жіктелуінің негізінде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде ұсынады. Егер:

- оны сату жоспарланса немесе қарапайым операциялық цикл аясында ол сату үшін немесе тұтыну үшін арналған болса;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін арналған болса,
- есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемені төлеу үшін айырбастау немесе пайдалануға шектеу болған жағдайлардан өзге, ақшалай қаражат немесе оның эквиваленті болып табылса, актив қысқа мерзімді болып табылады.

Қалған басқа активтердің барлығы ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылатын жағдайлар:

- оны қарапайым операциялық цикл аясында төлеу жоспарланған;
- оны негізінен сауда мақсаттары үшін ұстап қалады;
- оны есептік кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде төлеу керек; немесе есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде жиырма ай ішінде міндеттемені төлеудің мерзімін шегерудің құқығы жоқ.

Компания басқа барлық міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

3.3 Әділ құнды бағалау

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы қарапайым тәртіпте жасалатын мәміле аясындағы активті сату үшін алынатын немесе міндеттемелерді беру үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнның бағасы активті сату немесе міндеттемені беру бойынша келісім:

- әлде осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;

- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив пен міндеттеме үшін қолайлы нарықта жүргізіледі деп болжайды.

Компанияның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы тиіс.

Актив пен міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде нарықтың қатысушылары пайдаланатын рұқсат етулерді қолдана отырып бағаланады, сонымен бірге нарықтық қатысушылары өздерінің таңдаулы мүдделері бойынша әрекет етеді деп болжанды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарықтың қатысушысының ең үздік немесе ең тиімді түрде активтерді пайдаланудан экономикалық пайданы көздеу мүмкіндігін немесе осы активті үздік немесе ең жақсы түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатуды есепке алады.

Компания орын алған жағдайларда жарамды болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын, оған қоса орынды бақыланатын бастапқы деректерді максималды түрде пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді минималды түрде пайдалана отырып, бағалаудың осындай әдістерін пайдаланады.

Қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейлі бастапқы деректер негізінде, төменде сипатталған әділ құн деректерінің иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1 деңгей – Ұқсас активтер мен міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаларды нарықтық белгілеу (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2 деңгей - Нарықта тура немесе жанама бақыланатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін маңызды бағалау үлгілері;
- 3 деңгей – Нарықта бақыланатын болып табылмайтын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін маңызды бағалау үлгілері

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте қайтадан бағаланатын активтер мен міндеттемелердің жағдайында Компания оларды иерархия дереккөздерінің деңгейлері арасында оларды ауыстыру қажеттілігін анықтайды, есептік мерзімнің әрбіреуінің аяғына жіктелуді қайтадан талдайды (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейлі бастапқы деректер негізінде).

3.4 Аналық компанияның акционерлеріне сату үшін немесе бөлу үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер, және тоқтатылған қызмет

Компания ұзақ мерзімді активтерді және шығу топтарын олардың теңгерімдік құны жалғастырушы пайдалану нәтижесінде емес, сату немесе бөлу жолымен төленуі тиіс теңгерімдік құны болса, аналық компанияның акционерлеріне сату үшін немесе бөлу үшін ұстап қалу ретінде жіктейді. Сату немесе бөлу үшін ұсталатын, бұндай активтер мен шығу топтары кем дегенде екі мағына бойынша бағаланады – ағымдағы құны мен сату мен бөлуге жұмсалатын шығындарды есептемегенде әділ құны. Бөлуге жұмсалатын шығындар қаржылық шығындар мен табыс салығы бойынша шығындарды қоспағанда, тікелей бөлуге жататын қосымша шығындар олып табылады.

Бөлу үшін ұстап қалатын ретінде жіктеу үшін белгілер бөлу мүмкіндігі жоғары болған да ғана сақталған болып есептеледі, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында шұғыл бөлінуі мүмкін. Бөлуді аяқтау үшін қажетті шаралар, бөлуге немесе бөлуді өзгертуге маңызды өзгерістер енгізу мүмкіндігі төмен екенін көрсетуі тиіс. Басшылық жіктелген күннен бір жыл ішінде өткізілуі күтілетін бөлулерге қызығушылық танытуы тиіс. Ұқсас бағалаулар сату үшін ұстап қалатын активтер немесе шығу топтарына қолданылады.

Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер сату немесе бөлу үшін ұстап қалынаындар ретінде жіктелгеннен кейін амортизацияланбайды.

Сату немесе бөлу үшін ұстап қалатындар ретінде жіктелетін активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте ағымдағы мақалалар ретінде жеке ұсынылады.

Шығу тобы тоқтатылған қызметтің талаптарын қанағаттандырады, егер:

- Компанияның Құрамдас бөлігі ақшалай ағындарды («ААҚБ») ретейтін немесе ААҚБ тобы болатын болса;
- Сату немесе бөлу үшін арналған немесе осылайша шығып қалған ретінде жіктелген; немесе
- Қызметтің негізгі бағыты немесе негізгі географиялық облыс.

Тоқтатылған қызмет жұмысын жалғастырып жатқан қызметтің нәтижелерінен аланып тасталады және түсімдер мен шығындар туралы есепте тоқтатылған қызметтер түсетін салықтарды есептен шығарудан кейін түсімдер немесе шығындар ретінде бірегей сомамен келтіріледі.

3.5 Негізгі қаражаттар

Жер мен ғимараттар қайта бағаланғаннан күннен кейін танылған құнсыздандудан шығындар мен ғимараттар бойынша жиналған амортизацияны есептемегенде әділ баға бойынша бағаланады. Бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан айтарлықтай ерекшеленбейтініне сенімділікті қамтамасыз ету үшін жиі жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан түсетін құнның өсімі басқа жиынтық табыс құрамында бейнеленеді және капиталдың құрамына кіретін активтерді қайта бағалау қорын арттыруға жатады, оның түсім мен шығын құрамында бұрын жүргізілген қайта бағалау салдарынан танылған осы активті қайта бағалаудан залалды қалпына келтіру бөлігін қоспағанда. Бұл жағдайда арту түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады. Қайта бағалаудан түсетін шығын түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады, қайта бағалау қорының құрамында бұдан бұрын танылған сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын оның бөлігін қоспағанда танылады.

Қайта бағалау күніне жиналған тозу активтің жаппай құнының бір уақытта азаюымен шығарылады, және алынған сома активтің қайта есептелген смасына байланысты қайта есептеледі. Актив шыққан кезде, қайта бағалау қорына енгізілген сәйкес сома, бөлінбеген түсім тобына ауыстырылады.

Жиһаз бен жабдық жиналған тозу және/немесе жиналған құнсыздандуды есептемегенде бастапқы құны бойынша бейнеленген. Бұндай құн танудың белгілеріне жауап берген жағдайда жабдықты ауыстырумен байланысты шығындар енеді.

Тозу активтерді пайдалы қолданудың келесі есептік мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

Ғимарат	20-50 жыл
Жиһаз және жабдық	3-10 жыл

Негізгі қаражат объектісін және олардың маңызды бөліктерінің танылуын тоқтату шыққан кезде немесе болашақта осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайда алынбайтын жағдайда жүргізіледі. Активтің танылуын тоқтату нәтижесінде туындайтын табыс немесе шығын (шуғыдан және активтің теңгерімдік құнынан таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активтің танылуы тоқтатылған есептік жылының жиынтық табыс туралы есебіне енгізіледі.

Негізгі қаражаттың жою құны, пайдалану мерзімі және тозуды есептеу әдістері әрбір қаржылық жылдың соңында талдау жүргізіледі, және қажет болған жағдайда келесі кезеңдерде түзетулер енгізіледі.

Аяқталмаған құрылыстың барлық объектілері «Күрделі құрылысы аяқталмаған құрылыс» ретінде жіктеледі және өзіндік құны бойынша бағаланады. Аяқталмаған құрылыс объектілеріне

амортизация есептелмейді. Жобалар аяқталғаннан кейін және пайдалануға берілгеннен кейін олар негізгі қаражаттардың құрамына ауыстырылады. Сондай-ақ, аяқталмаған күрделі өндіріске жинақтаудан немесе құрғаннан кейін жабдық санатына ауыстырылған бөлшектелген немесе құрылмаған жабдық енеді.

3.6 Жалгерлік

Мәміле жалгерлік болып табылатынын не табылмайтынын, немесе жалгерліктің белгілерінің болуын анықтау шарттың әрекет ете бастаған күніне мәміленің мазмұнын талдауға негізделген. Осындай талдау негізінде шартты орындау нақты активтің немесе активтердің орындалуына байланысты болатынын анықтау қажет.

Компания жалға алушы ретінде

Жалға алынған активтерді иемденумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар Компанияға ауысатын қаржылық жалгерлік жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалға алу мерзімі басталған күнге капиталдандырылады, немесе, егер бұл сома аз болса, - минималды жалға алу төлемдерінің дисконтталған құны бойынша. Жалгерлік төлемдер қаржыландыру бойынша шығындар мен жалға алу бойынша міндеттеменің негізгі сомасын азайту арасында міндеттеменің төленбеген сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі шығатындай етіп бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығындар түсімдер мен шығындар туралы есепте тікелей бейнеленеді.

Жалға алынған актив активті пайдалы қолдану мерзімінің ішінде амортизацияланады. Алайда жалға алудың соңында активке меншік құқығы Компанияға ауысатынына негізделген сенімділік болмаған жағдайда, актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: есептік мерзім-активті пайдалы қолдану және жалға алу мерзімі.

Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жалға алудың барлық мерзімінде бірқалыпты түсімдер мен шығындар туралы есепте шығын ретінде танылады.

Компания жалға беруші ретінде

Компанияда активтерді иемденумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар қалатын жалға беру шарттары операциялық жалға беру ретінде жіктеледі. Операциялық жалға беру шартын жасау кезіндегі бастапқы тура шығындар жалға берілген активтік теңгерімдік құнына енгізіледі және жалға беруден түсетін табыстағы негізде жалға беру ішінде танылады. Жалға беру бойынша шартты төлемдер алынған мерзімдегі түсімдер құрамына жатқызылады.

3.7 Қарыз бойынша шығындар

Компанияның мақсаттарына сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақытты міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, құрылысымен немесе өндірісімен байланысты қарыздар бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа барлық шығындар олар тартылған есептік кезеңнің шығындарына жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға қарыздық құралдармен байланысты ұйым жұмсаған пайыздар мен басқа шығындарды төлеу енеді.

3.8 Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік әдепкіде мәміле бойынша шығындарды қосқанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқы құны бойынша бағаланады, бар болған жағдайда жиналған тозу мен құнсызданудан жиналған шығындар есепке алынбайды.

Тозу активтерді пайдалы қолданудың болжанатын мерзім ішінде тура желілік әдіспен келесідей есептеледі:

Фимарат	20-50 жыл
---------	-----------

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуын тоқтату ол пайдаланудан шығып қалған жағдайда, және оның шығып қалуынан болашақта экономикалық пайдалар күтілмейтін болса, тоқтатылады. Шығып қалудан таза түсімдер мен активтің теңгерімдік құн арасындағы айырмашылығы оның танылуы тоқтаған есептік жылдағы түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе одан аудармалар жылжымайтын мүлікті пайдаланудың сипатында өгерістер болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісіне аударымдар кезінде одан әрі есепке алу мақсатында шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне теңгерімдік құны болып табылады. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Компания бұндай жылжымайтын мүлікті пайдаланудың мақсатын өзгерткенге дейін негізгі қаражаттарды есепке алу саясатына сәйкес есепке алады.

3.9 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық қамтамасыз ету енеді. Материалдық емес активтер жиналған амортизацияны есептемегенде құны бойынша бейнеленеді. Материалдық емес активтер бес жыл ішінде тура желілік әдіс бойынша амортизация-

яланады. Амортизация өзі жатқызылған мерзімдегі түсімдер мен шығындар туралы есепте бейнеленеді.

3.10 Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар екі шаманың ең кішісі бойынша бағаланады: сатып алу құны және сатудың таза құны. Сатып алуға жұмсалған барлық шығындар мен қазіргі кездегі орналасқан жеріне және жағдайына дейін қорларды жеткізу үшін жұмсалған басқа шығындар енетін тауарлық-материалдық қорлардың құны орташа бағамдалған құн бойынша анықталады. Жүзеге асырудың таза құны өндірісті аяқтауға жұмсалған шығындарды және жүзеге асыруға бағаланған шығындарды есептемегенде, қарапайым қызмет барысында сатудың ұсынылатын бағасы ретінде анықталады.

3.11 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есеп беру күніне Компания активтердің құнсыздануы мүмкіндігі бар ма екенін анықтайды. Егер осындай белгілер орын алған болса, немесе құнсыздануға активтерді жыл сайынғы тексеруді жүргізу талап етілсе, Компания активтің орны толтырылатын құнын бағалуды жүргізеді. Активтер тобының қайтарылып берілетін құн оның таралуы мен пайдаланудан келетін құндылығына жұмсалатын шығындарды есептеп, активтердің әділ құнынан немесе ААҚБ ең үлкені болып табылады. Қайтарылып берілетін құн актив ақшалай құралдардың ағындарында қайтарылмайтын жағдайдан өзге, негізінен, басқа активтер немесе активтер топтарымен қайтарылатын ағындардан тәуелсіз бөлек актив үшін белгіленеді. Егер активтің теңгерімдік құны немесе ААҚБ оның қайтарылып берілетін құнынан асып кетсе, актив немесе ААҚБ құнсызданған болып есептеледі және қайтарылатын құнға дейін шығынға жазылады.

Пайдаланудан құндылықты бағалау кезінде, болашақ ақшалай ағындар ақшалардың уақыттық құны мен тәуекелінің ағымдағы нарықтық бағасын бейнелейтін, активке және ААҚБ тән салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнына дейін дисконтталады. Әділ құнды бағалау кезінде сатып алуға шығындарды есептемегенде жуырдағы нарықтық мәмілелер, егер олар болған жағдайда, есепке алынады. Бұл есептеулер бағалу коэффициенттерімен, еншілес компаниялардың нарығында еркін айналымдағы бағалардың белгіленумен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсызданудың сомасын жеке активтер жататын Компанияның ААҚБ әріқайсысы үшін жеке дайындалатын ұқсас бюджеттерге және болжамдық есептеулерге байланысты анықтайды. Бұл жоспарлар және болжамдық есептеулер, әдетте, бес жылға құрастырылады. Одан да ұзақ мерзімдер үшін өсудің ұзақ мерзімді қарқыны есептеледі, олар бесінші жалдан кейінгі болжанатын болашақ ақшалай ағындарға қатысты қолданылады.

Жалғасын табатын қызмет нәтижесінде туындайтын құнсызданудан шығындар құнсызданған активтің тағайындалуына сәйкес келетін шығындар санаттарының құрамында түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады, бұған бұдан бұрын қайта бағаланған және қайта бағалудың нәтижелері басқа жиынтық табастың құрамында бейнеленген мүліктер жатпайды. Бұл жағдайда құнсызданудан келетін шығын бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасының шегінде басқа жиынтық табыс құрамында танылады.

Есеп берудің әрбір күніне Компания активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған шығындар, гудвилді қоспағанда, бар екенін, жоқ екенін немесе қысқарғанын анықтайды. Егер бұндай белгі болғатын жағдайда, Компания активтің немесе ААҚБ төленетін құнын есептейді. Құнсызданудан бұдан бұрын танылған шығын құнсызданудан соңғы шығынды тану сәтінен активтің төленетін құнын анықтау үшін пайдаланған жорамалдарда өзгерістер болған жағдайда құнсыздануға түзету енгізіледі. Қалпына келтіру осылайша шектелген, активтің теңгерімдік құны оның төленетін құнынан артық бомайды.

3.12 Қаржылық құралдар

а) Қаржылық активтер

Бастапқы мойындау мен бағалау

ҚЕХС (IFRS) 39 аясындағы қаржылық активтер әділ құны бойынша түсім немесе шығын, қарыздар мен дебиторлық берешек, өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар және стау үшін қолда бар қаржылық активтер немесе тағайындалуына байланысты тиімді хеджерлеу кезінде хеджерлеудің құралы ретінде анықталған туынды құралдар арқылы жіктеледі.

Қаржылық активтер бастапқыда түсім немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қоспағанда, операциялық шығындарға артытылған әділ құн бойынша танылады.

Компанияның қаржылық активтеріне ақшалай қаражаттар мен қысқа мерзімді депозиттер, тартылған қаражаттар, қарыздар мен дебиторлық берешекке енгізілген сауда және басқа дебиторлық берешектер енеді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық активтерді кейінгі бағалау олардың жіктелуіне төмендегідей байланысты болады:

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін белгіленген немесе анықталған төлемдермен туынды қаржылық активтер болып табылады. Бұндай қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып,

анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн дисконттарды немесе сатып алудағы сыйақыларды, сондай-ақ комиссиялық алымдар немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындарды есепке ала отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация түсімдер мен шығындар туралы есепте қаржыландырудан табыстар құрмына енгізіледі. Құнсызданумен шартталған шығындар, түсімдер мен шығындар туралы есепте дебиторлық берешек жағдайында жалпы және әкімшілік шығындар құрамында және қарыздар жағдайындағы қаржыландыру бойынша шығындар құрамында танылады.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе, бұл жерде қолдануға болады – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте танылуы тоқтатылатын жағдайлар:

- активтен ақшалай ағындарды алу құқығының мерзімінің аяқталуы;
- Компания активтен ақшалай ағындарды алуға өзінің құқығын беруді немесе «транзиттік» келісім бойынша елеулі кешіктіріусіз және толық көлемде ақшалай ағындарды алатын үшінші тарапқа төлем бойынша міндеттемелерді өзіне алды; немесе Компания активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды табыстады, немесе Компания табыстамады, бірақ активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне чсақтап қалған жоқ, бірақ осы активті бақылауды табыстаған жоқ.

Егер Компания активтен ақшалай ағындарды алуға өзінің құқығын табыстаса немесе транзиттік келісім жасаса, меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдаларды сақтағанын, сақтаған жағдайда қандай көлемде екенін бағалайды. Егер Компания активтен барлық тәуекелдер мен пайданы табыстамаса, бірақ өзіне сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды табыстамаса, Компания табысталған активтегі өзінің қатысуын жалғастыратын деңгейде актив танылады. Бұл жағдайда Компания сәйкес міндеттемені таниды. Табысталған актив және сәйкес міндеттеме Компания сақтап қалған құқықтар мен міндеттемелер бейнеленетін негізде бағаланады.

Табысталған актив бойынша кепілділіктің нысанын қабылдайтын жалғастырушы қатысу, келесі шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы теңгерімдік құны бойынша немесе Компаниядан талап етілуі мүмкін төлемнің максималды сомасы.

б) Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есеп беру күніне Компания қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті куәландырулар бар ма екенін бағалайды. Қаржылық актив не-

месе қаржылық активтердің топтары активті бастапқы танудан («шығын келудің жағдайы» орын алған) кейінгі бір немесе бірнеше оқиғалар нәтижесінде құнсыздануының объективті айғағы болған жағдайда ғана құнсызданған деп есептеледі, және шығынның келу жағдайы (немесе жағдайы) сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтердің тобынан ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарына әсер етеді. Құнсызданудың белгілеріне қарыз алушының немесе қарыз алушылар тобының елеулі қаржылық қиындықтарының болуы, пайыздарды немесе қарыздың негізгі сомасы бойынша төлеу міндеттемелерінің бұзылуы, банкрот болудың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары мүмкіндігі, ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарының төмендеуі, мысалы активтер бойынша шығындармен арақатынастық орнататын мерзімі өткен төлемдер немесе экономикалық жағдайлар деңгейіне өзгерістер жатады.

Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтер

Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге қатысты Компания біріншіден жеке маңызды болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша жиынтық немесе жеке маңызды қаржылық активтердің құнсыздануының объективті айғағының болуына бағалауды жүргізеді. Егер Компания жеке бағаланатын қаржылық активтің құнсыздануының объективті айғақтарын анықтайтын болса, ол бұл активті кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қаржылық активтің тобына енгізеді, содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздануы бойынша қарастырады. Құнсыздануы бойынша жеке бағаланатын активтер, құнсызданудың жиынтық бағасына енгізілмейді.

Құнсызданудан шығын келгенінің объективті айғағы болған жағдайда, шығынның сомасы активтің теңгерімдік құны мен күтілетін болашақ ақшалай ағындардың келтірілген бағасының арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады (осы күнге дейін тартылмаған болашақ күтілетін кредиттік шығындарды есепке алмағанда). Есптік болашақ ақшалай ағындардың келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер заемның қалқымалы пайыздық мөлшерлемесі болса, құнсызданудан шығынды бағалау үшін дисконттың мөлшерлемесі ретінде пайыздың тиімді мөлшерлемесі болып табылады.

Активтің теңгерімдік құны резервтің есепшотын пайдалану арқылы төмендейді, ал шығынның сомасы түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады. Төмендетілген теңгерімдік құн бойынша пайыздық табысты есептеу құнсызданудан шығынды бағалау мақсатында болашақ ақшалай ағындарды дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделеді. Пайыздық табыстар қаржыландырудан табыстар құрамында түсімдер мен шығындар туралы есепте

бейнеленеді. Қарыздар сәйкес резервтермен бірге теңгерімнен шығарылып тасталады. Егер келесі жылы құнсызданудан бағалау шығындарының сомасы көбейетін немесе азаятын болса, бұдан бұрын танылған шығынның сомасы резервтің есепшотына түзету енгізу арқылы көбейтіледі немесе азайтылады.

в) Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы мойындау мен бағалау

ҚЕХС (IFRS) 39 аясындағы қаржылық активтер әділ құны бойынша түсім немесе шығын, қарыздар мен дебиторлық берешек, өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар және стау үшін қолда бар қаржылық активтер немесе тағайындалуына байланысты тиімді хеджерлеу кезінде хеджерлеудің құралы ретінде анықталған туынды құралдар арқылы жіктеледі.

Қаржылық активтер бастапқыда түсім немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қоспағанда, операциялық шығындарға артытылған әділ құн бойынша танылады.

Компанияның қаржылық активтеріне ақшалай қаражаттар мен қысқа мерзімді депозиттер, тартылған қаражаттар, қарыздар мен дебиторлық берешекке енгізілген сауда және басқа дебиторлық берешектер енеді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық активтерді кейінгі бағалау олардың жіктелуіне төмендегідей байланысты болады:

Пайда және залал арқылы әділ құн бойынша бағаланған қаржылық міндеттемелер

«Пайда және залал арқылы әділ құн бойынша бағаланған қаржылық міндеттемелер» категориясы саудаға арналған қаржылық міндеттемелерден және пайда әрі залал арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланған деп алғашқы танылған кезде белгіленген қаржылық міндеттемелерден тұрады.

Егер қаржылық міндеттемелер болашақта сату мақсатында алынса, олар саудаға арналған ретінде топтасырылады. Осы категория туынды қаржылық құрал-саймандардан тұрады, оның ішінде Компания МСФО (IAS) 39 сәйкес хеджерлеу операцияларында хеджерлеу құрал-саймандары ретінде белгіленбеген, шарт бойынша тарап болып табылады.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығындар пайда мен залалдарда мойындалады.

Пайда әрі залал арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланған деп алғашқы танылған кезде белгіленген қаржылық міндеттемелер алғашқы танылу күнінде және тек қана МСФО (IAS) 39 критерийлерді сақтаған кезде осы категорияға жатады. Компанияда алғашқы танылу кезде оның белгілеген қаржылық міндеттемелері болмайды

Басқа қаржылық міндеттемелер

Бастапқы танылғанна кейін басқа қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме (ТПМ) әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Бұндай қаржылық міндеттемелер бойынша табыстар мен шығындар олардың танылуы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ ТПМ пайдаланумен амортизацияны есептеу бойынша түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады.

Амортизацияланған құн дисконттарды немесе сатып алудағы сыйақыларды, сондай-ақ ТПМ ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялар мен шығындарды есеп ала отырып есептеледі. ТПМ пайдалану негізіндегі амортизация түсімдер мен шығындар туралы есепте қаржылық шығындардың құрамына енгізіледі.

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы міндеттемен төленсе, жойылса немесе оның әрекет ету мерзімі біткен болса тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме сол кредиттеордың алдында басқа міндеттемен ауыстырылса, және де шарттарында айтарлықтай айырмашылықтар болса, бұндай ауыстыру бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату және жаңа міндеттемені танудың басталуын білдіреді, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырмашылық түсімдер мен шығындар туралы есепте танылады.

г) Қаржылық құралдардың өзара есебі

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуды талап етеді, ал қаржылық жағдай туралы есептегі нетто-соманы ұсыну қажет:

- қазіргі уақытта танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқығы бар болған жағдайда; және
- нетто-сомаға есеп жүргізу мақсаты бар болғанда, немесе активтерді сату және сонымен бірге міндеттемелерді төлеу.

д) Қаржылық құралдардың әділ құны

Саудасы белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржылық құралдардың әділ құны әрбір есеп беру күніне нарықтық баға белгілеулерге және мәміле бойынша шығындарды есептемегенде, дилерлердің баға белгілеулеріне байланысты анықталады (ұзақ ұстанымдар үшін сатып алуға баға белгілеу және қысқа ұстанымдар үшін сатуға баға белгілеу).

Саудасы белсенді нарықтарда жүзеге асырылмайтын қаржылық құралдар үшін әділ құн бағалаудың сәйкес әдістемесін қолдану жолымен анықталады. Бұндай әдістемелерге ене алады:

- Коммерциялық негізде жуырда өткізілген мәмілелердің бағаларын пайдалану;
- Ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану;

- Дисконтталған ақшалай ағындардың талдауы немесе бағалаудың басқа үлгілері.

Қаржылық құралдардың әділ бағасының талдауы және олардың бағалануы қалайша жүзеге асырылатыны туралы ақпарат 28 Ескертуде келтірілген.

3.13 Туынды қаржы құралдары

Компания пайыздық ставкаларды өзгертудің өз тәуекелдерін хеджирлеу үшін пайыздық айырбастар секілді туынды қаржы құралдарын қолданады. Осындай туынды қаржылық құралдар бастапқыда туынды шартты жасау күніне әділ құны бойынша ескеріліп, кейін әділ құны бойынша қайта бағаланады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы активтерінің құрамында көрсетіледі, ал теліс әділ құны барлары қаржы міндеттемелерінде көрсетіледі.

Туынды құралдар бойынша әділ құнды өзгерту нәтижесінде пайда болатын пайда немесе шығын, басқа жиынтық табыста мойындалатын ақша ағындарын хеджиллеудің тиімді бөлігін қоспағанда тікелей пайда мен шығын туралы есептерде мойындалады.

2012 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның туынды пайыздық айырбастар бойынша туынды келісімшарты болды, ол 2013 жыл ішінде жабылды. Толық ақпарат 15 ескертуде келтірілген. Осы пайыздық айырбастар туралы келісімшарт хеджирлеу құралдарының талаптарын қанағаттандырмады. Осылайшы, пайыздық келісімшарттың әділ құнындағы өзгерістер қаржыландыру бойынша қаржылық пайда мен шығындар ретінде пайда мен шығын туралы есепте мойындалды.

3.14 Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламалары банктегі ақша қаражаты, кассадағы қолма-қол ақша және өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер ретінде анықталады.

3.15 Пайдалануда шектелген ақшалай қаражат

Пайдалануда шектелген ақшалай қаражатқа жұмысқа қабылданған шетел қызметкерлері үшін кепілдікті депозиттер болып табылады. Осы депозиттер Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ақшалай қаражат пен олардың баламаларына қосылмаған.

3.16 Салықтар

а) Қосылған құн салығы («ҚҚС»)

Салық органдары таза салмақ негізінде сатулар мен сатып алулар бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге

жататын ҚҚС сатулар бойынша ҚҚС-ты шегергенде, сатып алулар бойынша ҚҚС болып табылады.

Төленуге жататын қосымша құн салығы

ҚҚС клиенттерден дебиторлық берешекті алғаннан кейін салық органдарына төленуге жатады. Есебі есепті күнге жүргізілген сатып алулар бойынша ҚҚС сомандан төленуге шегеріледі.

Сонымен қатар, есебі есепті күнге аяқталмаған сатуларға жататын ҚҚС та төленуге жататын ҚҚС сомасына қосылады. Дебиторлық берешектің құнсыздануына қор қалыптасқан кезде құнсызданудан болған шығын ҚҚС қосқанда берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша сәйкес міндеттеме салық мақсатарында дебиторлық берешекті шығынға жазғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

Өтелуге жататын қосымша құн салығы

Өтелуге жататын ҚҚС тауарлар, жұмыстар, қызметтерге ҚСС салынса және олар табыс тудыруға бағытталса, оларды сатып алуға жатады.

Өтелуге жататын ҚҚС әрбір есепті кезеңге ҚҚС бойынша берешек сомасына қарсы есепке алынуға жатады.

б) Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер ішіндегі ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарымен өтеледі немесе төленеді деп шамаланып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін есепті күнге қолданылған немесе іс жүзінде заңдастырылған салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы қолданылды.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы пайда мен шығындар туралы есепте емес, капитал құрамында мойындалады. Басшылық қолданылып отырған заңнама әр түсіндірме объектісі болып табылатын салық заңнамасы қолданылатын жағдайларға қатысты позицияларды дүркін-дүркін бағалап, қажет болған жағдайда қор жасайды.

в) Мерзімі ұзартылған табыс салығы

Мерзімі ұзартылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтердің салық базасы және олардың теңгерімдік құны мен міндеттемелер арасындағы есепті кезеңге уақытша айырмашылықтар бойынша міндеттемелер әдісі бойынша ескеріледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер мына жағдайлардан басқа барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен

шығынға әсер етпейтін мәміле барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау нәтижесінде пайда болғанда;

- уақыт айырмашылығының азаю уақытында бөлуді бақылау мүмкін болып, уақыт айырмашылығы көз жетерлік болашақта азаяды деген айтарлықтай мүмкіндік болса, еншілес компанияларға, қауымдастырылған компанияларға инвестициялаумен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланыстысалық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты.

Кейінге қалтырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалтырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа жету дәрежесінде азайтылатын күмәнді деп бағаланады. Мойындалмаған кейінге қалтырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралып, болашақтағы салық салынатын табыс кейінге қалтырылған салық активтерді қолдануға мүмкіндік берудің айтарлықтай ықтималдығы пайда болатын дәрежеде мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнгі жағдай бойынша қолданысқа енгізілген немесе іс жүзінде қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив жүзеге асырылып, міндеттеме өтелген кезде, есепті кезеңде қолданылады деп шамаланып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын туралы есепте емес мойындалған баптарға жататын мерзімі ұзартылған табыс салығы пайда мен шығын туралы есепте мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар бойынша баптар олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес немесе басқа жиынтық табыс, немесе тікелей капиталда мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды тіркелген құқығы болса, мерзімі ұзартылған салықтар бір салық салынатын компания мен салық органына жатса, бір-біріне қарсы есепке алынады.

3.17 Қорлар

Қорлар Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе тәжірибеден шығатын) болса мойындалады; осы міндеттемені өтеуге қажет етілуі мүмкін экономикалық пайдалар жылыстауы ықтимал болып табылып, осындай міндеттемені сенімді бағалау алынуы мүмкін. Егер компания қорлардың барлық немесе кейбір бөлігін өтеуді, мысалы сақтандыру шарты бойынша, шамалап отырса, өтеу оны алу күдіктеуге жатпаған жағдайда ғана жеке актив ретінде танылады. Қорға жататын шығын өтеуді шегергенде пайда мен шығын туралы есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері үлкен болса, қорлар салық салуға дейінгі қолдануға болатын нақты міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін ағымдағы салық бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, қорды уақыт өткен сайын ұлғайту қаржыландыру бойынша шығындар ретінде танылады.

3.18 Табыстар мен шығыстарды мойындау

Табыстар Компания экономикалық пайдалардың түсімін алынуы және табыс сомасы төлемді іске асыру уақытынан тәуелсіз жеткілікті нақтылықпен бағалануының үлкен ықтималдығы болған шамада мойындалады. Түсім сатудан дисконты, қайтаруды, сондай-ақ салықтар мен бажды шегергенде, алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Компания оның принципал немесе агент болып табылатынын анықтау мақсатында белгілі біл өлшемдерге сәйкес түсім алуды қарастыратын шарттарды жасауына талдау жасайды. Компания барлық осындай шарт бойынша принципал болып табылады деген шешімге келді. Сондай-ақ, түсімді мойындау үшін төменде көрсетілген өлшемдер орындалуы тиіс.

Қызметтерді көрсету

Қызметтерді сату қызметтер көрсетілетін кезеңде, келісімшарттың жалпы құны негізінде мойындалады. Табыс алынған немесе алынуға жататын қаражаттардың әділ құны бойынша бағаланады. Алынған қаражаттардың әділ құнын сенімді бағалау мүмкіндігі болмаған жағдайда, түсім көрсетілген қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Тауарларды сату

Тауарларды сатудан түскен түсім, негізінде, тауарды иеленудің айтарлықтай тәуекелдері мен пайдасы сатып алушыға ауысқан кезде, тауарды жеткізгенде танылады.

Шығыстар

Шығыстарды көтерген кезде, олар мойындалып, олар жататын кезеңде, есептеу қағидаты негізінде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

3.19 Қызметкерлерге сыйақы төлеу

Компания Қазақстан Үкіметіне өзінің қызметкерлері үшін әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық пен еңбекақы бойынша шығыстар пайда болған кезде шығыстарға жатқызылады.

Сонымен қатар, Компания қызметкерлердің зейнетақы қорларына жарналар ретінде төленетін қызметкерлер еңбекақысының 10%-ын ұстап қалады. Заңнамаға сәйкес зейнетақылық аударымдар қызметкерлер міндеттемесі болып табылады және Компанияның қызметкерлерге олардың зейнетақыға шыққаннан кейін төлемдер жасау бойынша ағымдағы, болашақтағы міндеттемесі жоқ.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Компанияның қаржылық есептілігін дайындау басшылықтан табыстардың, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің көрсетілетін сомаларына, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына әсер етуі мүмкін пайымдаларды, бағалау мен жорамалдарды жасауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәніне қатысты белгісіздік болашақта осындай жорамалдар мен бағалаулар жасалатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына айтарлықтай түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі ықтимал.

Бағалау мен жорамалдар

Төменде келешектегі оқиғаларға, сондай-ақ кейінгі есепті жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына айтарлықтай түзетулерді енгізу қажеттілігі пайда болуының маңызды тәуекелі бар, есепті күнге бағалау белгісіздігінің басқа көздеірне қатысты негізгі жорамалдар ұсынылған. Компания өзінің жорамалдары мен бағалауларын қаржылық есептілікте дайындау сәтіне қол жетімді параметрлерге негіздейді. Алайда, болашақ оқиғаларға қатысты қолда бар міндеттемелер мен жорамалдар нарықтағы өзгерістер немесе Компания бақылауынан тыс жағдайлар салдарынан өзгеруі мүмкін. Осындай өзгерістер орын алған жағдайда жорамалдарда көрсетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Құнсыздану активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшнің теңгерімдік құны оның мынадай шамалардың ең үлкені болып табылатын өтелетін құнынан артатын болса орын алады: сату шығындарын шегергендегі әділ құн мен пайдалану құндылығы. Сатуға шығындарды шегергендегі әділ құнды еептеу балама активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелер немесе активтің шығуына байланысты шекке қосымша шығындарды шегергенде бақыланатын нарық бағалары бойынша қолда бар ақпарақа негізделген. Пайдаланудан түскен құндылықты есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен кейінгі бес жылға алынады да, оларға Компанияның жүргізуге әлі міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе тексеріліп отырғанның активтері нәтижелерін ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің құнсыздану нысанына жақсартатын болашақтағы маңызды инвестициялар бойынша қызметі жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша қаражаттарының үлгісінде қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаражаттарының күтіліп отырған түсімдері қарқыны мен экстраполяция мақсаттарында қолданылатын өсу қарқынына айтарлықтай сезімтал.

Жер мен ғимараттарды қайта бағалау

Компания жер мен ғимараттарды бағалау үшін МСФО (IFRS) 16 «Негізгі қаражаттар» сәйкес рұқсат берілген қайта бағалау үлгісін қолданады. Компания есепті кезең аяғындағы жағдай бойынша әділ құнды анықтау мақсатында тәуелсіз бағалаушыны тартады. Компания табысты әдісті қолданады, бұл жер мени ғимараттардың әділ құнын анықтау кезінде елеулі жорамалдар мен пайымдауларға жол беруді білдіреді. Табыстарды анықтау әдісі қолданылып бағалауды алу кезінде жол берілетін негізгі жорамалдар, бұл – дисконт мөлшерлемесі мен болашақ ақша ағындарының жорамалы. Жердің әділ құнын анықтау үшін жақындағы транзакциялар бойынша шектелген ағындағы нарық деректерінің негізінде салыстырмалы тәсіл қолданылады. Ғимараттардың әділ құнын анықтау үшін, негізінен, бағалау объектісінен күтілетін табыстар негізінде табысты тәсіл қолданылады. Толығырақ ақпарат 6- ескертпеде ұсынылған.

Негізгі қаражаттар пайдалы қызметінің мерзімі

Компания негізгі қаражаттар пайдалы мерзімінің қалдықты мерзімін жыл сайынғы негізде бағалайды. Алдыңғы бағалаумен айырмашылықтар болған жағдайда, айырмашылықтар МСФО (IAS) 8 «Есепке алу саясаты, бағалау мәндеріндегі өзгертулер мен қателер» сәйкес бухгалтерлік пайымдауларға өзгерістер ретінде көрсетіледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер

Мерзімі кейінге қалтырылған салық бойынша активтер барлық пайдаланылмаған салық шығындары бойынша қолданылмаған салық шығындары қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайда алудың айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде мойындалады. Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің қаржылық есептілікте мойындауға болатын сомасын анықтау үшін болашақтағы салық салынатын табыстың ықтимал мерзімдері мен көлемі, сондай-ақ салықтық жоспарлаудың болашақ стратегиялары негізінде басшылықтың сүбелі пайымдауы қажет. Толығырақ ақпарат 25 ескертпеде ұсынылған.

Қорлар

Компания күмәнді дебиторлық берешекке қорларды қалыптастырады. Күмәнді берешекті есептеу үшін маңызды баға қолданылады. Күмәнді берешекті есептеген кезде, сатып алушы немесе тапсырысшы қызметінің күтіліп отырған және тарихи көрсеткіштері ескеріледі. Саладағы жалпы экономикалық талаптардың, жағдайлардың немесе нақты сатып алушы мен тапсырысшы қызметінің нәтижелерінің қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді дебиторлық берешекке қор сомаларына түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы есепте мақұлданған қаржы құралдары мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны белсенді нарықтар деректері негізінде анықталуы мүмкін болмаған жағдайда, ол ақша ағындарының дисконтталған үлгілерін қосқанда, бағалау әдістерін қолданып анықталады. Осындай әдісті қолдануға арналған кіріспе параметрлер мүмкін болған жерде, бақыланатын нарықтардан алынады, бірақ бұл мүмкін болмайды, әділ құнды анықтау үшін пайымдаудың белгілі бір дәрежесі талап етіледі. Пайымдауға өтімділік тәуекелі, несие тәуекелі және ауытқулармен расталу секілді кіріспе параметрлерді бағалау жатады. Осы факторларға қатысты жорамалдардағы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсерін тигізуі мүмкін.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Компания басқару мақсатында көрсетілетін қызметтерді негізге ала отырып, бизнес бөлімшелерге жіктеліп, екі есепті операциялық сегменттен тұрады: нөмірлер және жалдау; және азық-түлік пен сусындар. Негізінен, спорттық іс-шаралар мен бос уақытты ұйымдастыру және техникалық қолдау қызметтерімен ұсынылған басқа операциялық сегменттер Компания үшін маңызды емес болып, төменде көрсетілген сызбалардың «Өзгесі» деген санатында ұсынылған.

Басшылық қорларды бөлу және қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешім қабылдау мақсаттары үшін жеке әрбір сегменттің операциялық қызметі нәтижелерін бақылауды жүзеге асырады. Сегмент тиімділігі операциялық пайда немесе шығын негізінде бағаланып, сегменттер бойынша бөлінбейтін шығындар мен шығыстарды қоспағанда, қаржылық есептіліктегі пайда немесе залалға сәйкес бағаланады

2013 жылы Компанияның ірі клиенттерінің біреуіне 2,727,604 мың теңге келді (2012 жылы: 2,620,700 мың теңге).

Төменде сызбада сызбада Компанияның операциялық сегменттері туралы ақпарат келтірілген:

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	Нөмірлер мен жалдау	Азық-түлік пен сусындар	Өзгесі	Түзетулер мен ерекшеліктер	Операциялар барлығы
Мың теңгеде					
Түсім	2,759,204	361,035	309,105	-	3,429,344
Қаржылық нәтижелер	(617,467)	(39,370)	(28,336)	(1,217)	(686,390)
Тозу және амортизация негізгі қаражаттардың істен шығуынан болған шығын	(73,684)	(237)	(185)	(81)	(74,187)
Қаржыландыру бойынша шығын, таза	(353,281)	-	-	(28,552)	(381,833)
Өзгелері (залал)/табыс, таза	(70,140)	-	-	(1,414)	(68,726)
Сегмент пайдасы/ {залалы}	633,726	40,927	148,915	(612,648)⁴	210,920
Сегмент активтері	14,500,529	474,787	143,138	2,192,144¹	17,310,598
Сегмент міндеттемелері	3,144,495	12,332	22,338	1,375,715²	4,554,880
Сегменттер бойынша басқа ақпарат					
Күрделі қаржы шығындар³	170,487	15,970	14,154	7,789	208,400

1. Сегмент активтерін басқару топтық негізде жүзеге асырылатындықтан, оларға әкімшілік мақсаттарға арналған (65,227 мың теңге) негізгі қаражаттар, сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер (400,763 мың теңге), материалдық емес активтер (5,711 мың теңге), пайдалануы шектелген ақшалай қаражаттар (2,165 мың теңге), салықтар бойынша алдын ала төлеу (11,224 мың теңге), корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлеу (189,043 мың теңге), байланысты тараптар берешегі (1,436,506 мың теңге), басқа алдын ала төлеулер (24,832 мың теңге) және ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары (56,673 мың теңге) жатпайды.
2. Сегмент міндеттемелерді басқару топтық негізде іске асырылатындықтан оларға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыз (180,550 мың теңге), мерзімі ұзартылған салықтар бойынша міндеттемелер (1,126,213 мың теңге), төленуге жататын сыйақылар (2,641 мың теңге), төленуге жатпайтын салықтар (63,174 мың теңге) және байланысты тараптар алдындағы берешек (3,137 мың теңге), жатпайды.
3. Күрделі шығындар негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу болып табылады.
4. Операциялық сегменттер бойынша түскен пайдаға жалпы жәек әкімшілік шығындар жатпайды (584,211 мың теңге).

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	Нөмірлері және жалдау	Азық-түлік пен сусындар	Өзгесі	Түзетулер мен ерекшеліктер	Операциялар барлығы
Мың теңгеде					
Түсім	2,688,207	667,334	310,763	-	3,666,304
Қаржылық нәтижелер					
Тозу және амортизация	(769,827)	(72,695)	(45,871)	(1,337)	(889,730)
Пайда мен шығындар туралы есепте мақұлданған қайта бағалау	(1,822,289)	(222)	(24,404)	(3,416)	(1,850,331)
Негізгі қаражаттардың істен шығуынан болған залал	(193,791)	(475)	(567)	-	(194,833)
Қаражаттандыру бойынша шығындар, таза	(353,267)	-	-	(32,894)	(386,161)
Басқа табыс (шығын), таза	39,940	-	-	(4,860)	35,080
Сегмент пайдасы/ (залалы) сегмент	(1,309,150)	(12,490)	146,824	(731,606)⁴	(1,906,422)
Сегмент активтері	15,525,882	629,027	138,884	1,506,774¹	17,800,567
Сегмент міндеттемелері	3,467,500	46,129	6,991	1,668,151²	5,188,771
Сегменттер бойынша басқа ақпарат					
Күрделі қаржы шығындар³	1,405,503	6,507	933	467	1,413,410

1. Сегмент активтерін басқару топтық негізде жүзеге асырылатындықтан, оларға әкімшілік мақсаттарға арналған (65,682 мың теңге) материалдық емес активтер (8,677 мың теңге), пайдалануы шектелген ақшалай қаражаттар (4,103 мың теңге), сатуға арналған апартаменттерге жататын қорлар (71,752 мың теңге), салықтар бойынша алдын ала төлеу (78,097 мың теңге), корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлеу (161,274 мың теңге), байланысты тараптар берешегі (1,069,807 мың теңге), басқа алдын ала төлеулер (31,185 мың теңге) және ақшалай қаражаттары мен олардың баламалары (16,197 мың теңге) жатпайды.
2. Сегмент міндеттемелерді басқару топтық негізде іске асырылатындықтан оларға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыз (532,998 мың теңге), мерзімі ұзартылған салықтар бойынша міндеттемелер (1,059,215 мың теңге), төленуге жататын сыйақылар (1,816 мың теңге), төленуге жататын салықтар (2,328 мың теңге) және байланысты тараптар алдындағы берешек (71,794 мың теңге), жатпайды.
3. Күрделі шығындар негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу болып табылады.
4. Операциялық сегменттер бойынша түскен пайдаға жалпы жәек әкімшілік шығындар жатпайды (689,099 мың теңге).

2013	Жер	Ғимараттар	Жиһаз және жабдық	Күрделі аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Мың теңгеде					
1 қаңтарға					
Қалдық құны	1,772,119	12,337,311	1,152,202	113,905	15,375,537
Түсімдер	10,714	56,399	66,689	57,569	191,371
Істен шығу	(119,181)	-	(39,475)	(6,857)	(165,513)
Аударымдар	-	40,601	7,663	(48,264)	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар	-	(1,869,055)	-	-	(1,869,055)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге активтерге-предназначенные аударымдар	(353,280)	(47,483)	-	-	(400,763)
Жыл ішіндегі тозу бойынша аударымдар	-	(284,637)	(346,858)	-	(631,495)
Істен шығу бойынша тозу	-	-	35,635	-	35,635
31 желтоқсанға қалдық құн	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717
Жалпы теңгерімдік құн Жинақталған тозу	1,310,372	10,517,773 (284,637)	3,359,144 (2,483,288)	116,353	15,303,642 (2,767,925)
31 желтоқсанға қалдық құн	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717

Жер телімінің істен шығуы жер телімін «Arrowhead B.V.» қауымдастырылған компаниясымен өткізу болып табылады. (26 ескерту).

Күрделі аяқталмаған құрылыстан Ғимараттарға, Жиһаздар мен жабдыққа аударымдарға басым көпшілікте 2013 жылдың ішінде күрделі жөндеуді жүргізу жатады.

Сатуға арналған аударымдар мен ұзақ мерзімді активтерге «Arrowhead B.V.» компаниясының 2014 жыл ішінде сатуға арналған жер мен ғимараттары жатады.

2012	Жер	Ғимараттар	Жиһаз және жабдық	Күрделі аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Мың теңгеде					
1 қаңтарға					
Қалдық құн	1,751,667	12,715,502	1,334,004	1,359,562	17,160,735
Түсімдер	-	84,578	131,700	1,197,132	1,413,410
Жиынтық табыс туралы есепте					
Мақұлданған қайта бағалау	25,610	(302,504)	-	-	(276,894)
Пайда мен залалдар туралы					
Есепте мақұлданған					
Қайта бағалау	(5,158)	(1,845,173)	-	-	(1,850,331)
Істен шығу	-	(198,217)	(16,802)	-	(215,019)
Аударымдар	-	2,270,254	172,535	(2,442,789)	-
Бір жыл ішіндегі тозу бойынша аударымдар	-	(395,476)	(480,728)	-	(876,204)
Істен шығу бойынша тозу	-	8,347	11,493	-	19,840
31 желтоқсанға					
Қалдық құн	1,772,119	12,337,311	1,152,202	113,905	15,375,537
Жалпы теңгерімдік					
құн	1,772,119	12,337,311	3,324,267	113,905	17,547,602
Жинақталған тозу	-	-	(2,172,065)	-	(2,172,065)
	1,772,119	12,337,311	1,152,202	113,905	15,375,537

Күрделі аяқталмаған құрылыстан Ғимараттарға, Жиһаз бен жабдыққа аударымдар аяқталған жоба, Таунхаустар құнын құрады.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Компания 2013 жылғы 31 желтоқсанға «Agrowhead B.V.» компаниясының, «Chagala Group Limited» қауымдастырылған компаниясының ұзақ мерзімді активтерін өткізуді жоспарлап отыр. Алаңы 2,722 га жер телімі Атырауда орналасқан және оның теңгерімдік құны 353,280 мың теңгені құрап отыр. Жер теліміндегі ғимараттардың теңгерімдік құны 47,483 мың теңгені құрап отыр. Компания осы активтерді өткізуге жұмсалған шығындарды шегергенде олардың әділ құнынан төмен теңгерімдік құны бойынша бағалай отырып, сату үшін ұсталып отырған ұзақ мерзімді активтер ретінде ұсынып отыр.

Аяқталмаған күрделі құрылыс

Компания батыс Қазақстанда жылжымайтын мүлік объектілерін әзірлеумен айналысады. Жаңа кеңсе құрылысы 2014-2015 жж аяқталады деп күтіліп отыр. Күрделі аяқталмаған құрылыстың теңгерімдік құны 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрап отыр:

Мың теңгеде	2013	2012
Жаңа кеңсе ғимараты	112,134	112,134
Өзгесі	4,219	1,771
	116,353	113,905

Қарыздар бойынша капиталданған шығындар

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қарыздар бойынша шығындарды капиталдау жүргізілген жоқ (2012жылы: 20,774 мың теңге).

Жер мен ғимараттарды қайта бағалау

Жердің әділ құны нарықта бар деректерді негізге алып, өз алдына мәмілелер бойынша бағалар туралы ақпараты бар ұқсас

Егер жер мен ғимараттар бастапқы құны бойынша бағаланса, теңгерімдік құны былай ұсынылар еді:

2013	Жер	Ғимараттар	Барлығы
мың теңгеде			
бастапқы құны бойынша	857,926		
		11,226,108	12,084,034
Жинақталған тозу	-	(1,350,734)	(1,350,734)
31 желтоқсанға қалдық құны	857,926	9,875,374	10,733,300
2012	Жер	Ғимараттар	Барлығы
Мың теңгеде			
бастапқы құны бойынша	1,216,053	11,156,683	12,372,736
Жинақталған тозу	-	(1,125,335)	(1,125,335)
31 желтоқсанға қалдық құны	1,216,053	10,031,348	11,247,401

Ұзақ мерзімді алғы төлемдер

31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ұзақ мерзімді алғы төлемдер былай көрсетілген:

мың теңгеде	2013	2012
Жиһаз, құрал мен жабдықтар үшін алдын ала төлеу	9,464	14,120
Құрылыс материалдары мен жұмыстар үшін алдын ала төлеу	1,973	-
	11,437	14,120

7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жатады:

Мың теңгеде	2013	2012
Бастапқы құны		
1 қаңтарға сальдо	-	-
Негізгі қаражаттардан аударымдар	1,903,649	

Мың теңгеде	2013	2012
Сатып алулар (кейінгі шығындар)	16,284	
31 желтоқсанға сальдо	1,919,933	-
Жинақталған тозу		
1 қаңтарға сальдо	-	-
Негізгі қаражаттардан аударамдар	(34,594)	
Тозу бойынша бір жыл ішіндегі аударымдар	(51,185)	
31 желтоқсанға сальдо	(85,779)	-
1 қаңтарға қалдық құн	-	
31 желтоқсанға қалдық құн	1,834,154	
Мың теңгеде	2013	2012
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен алынған жалдау табысы Жалдау табысын алуға әкелген тура операциялық шығыстар (жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді қосқанда)	212,187 (62,635)	
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен алынған жалдау табысы Жалдау табысын алуға әкелген тура операциялық шығыстар (жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді қосқанда)	149,552	-

2013 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны оның теңгерімдік құнына жуықталды.

8 ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

31 желтоқсанға тауарлық -материалдық қорларға мынадай позициялар енгізілді:

мың теңгеде	2013	2012
Тұрмыстық тауарлар	106,869	111,330
Материалдар	51,606	50,991
Асхана мен мейрамхана қорлары	43,207	46,896
Қосымша бөлшектер	32,494	42,402
Кеңсе крек-жарағы мен кеңсе жабдығы	2,286	5,075
Жұмыс киімі	1,389	3,706
Азық-түлік пен сусындар	285	16,053
Сатуға арналған аппараттар	-	71,752
Өзгесі	70,976	96,088
	309,112	444,293

Шығындар деп танылған тауарлық-материалдық қорлар былай ұсынылған:

мың теңгеде	2013	2012
Өткізудің өзіндік құны – азық-түлік пен сусындар	84,270	237,079
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	88,536	94,912
Ауыстыруға шығындар	24,149	8,731
Тұрмыстық тауарлар	18,429	47,790
Өзгесі	44,697	86,074
	260,081	474,586

9 ДЕБИТОРОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

31 желтоқсанда дебиторлық берешек мынадай позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Сауда дебиторлық берешек	322,338	603,381
Күмәнді берешек бойынша қор		
Сауда дебиторлық берешек	(3,008)	(6,104)
Күмәнді берешек бойынша қор		
	319,330	597,277

Сауда дебиторлық берешек 7 күннен бастап 30 күнге дейінгі өтеу мерзімімен пайызсыз болып табылады. Компанияның дебиторлық берешегі АҚШ долларында (37%) және теңгеде (63%) көрсетілген. 2012 жылы осы үйлесім сәйкесінше 39% және 61% құрады.

31 желтоқсанға дебиторлық берешекті талдау пайда болу мерзімі бойынша гтз былай көрсетілген :

мың теңгеде	Барлығы	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Күннен кем күн	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған			
				30-90 күн	90-120 күн	120-360 30 күн	>360
2013	319,330	242,034	65,130	9,464	2,428	274	-
2012	597,277	318,868	244,433	28,538	4,336	1,102	-

Компания мерзімі өтпеген және құнсызданбаған болып табылатын сауда дебиторлық берешегінің несиелік сапасын қалай өзгеріп, бағалауына қатысты сауда дебиторлық берешегінің несиелік тәуекелдері бойынша толығырақ ақпарат 28- ескертуде келтірілген.

10 САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕУ

31 желтоқсанға салықтар бойынша алдын ала төлеу мына позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Өтеуге жататын ҚҚС	-	69,056
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлеу	11,224	9,041
	11,224	78,097

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасынан 76% -ды құрайтын (2012 жылғы 31 желтоқсанға: «НСРОС» - 74%) «НСРОС» ең ірі дебитор болып табылады.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі күмәнді берешек бойынша қорлардағы қозғалыстар былай көрсетілген:

Мың теңгеде	2013	2012
1 қаңтарға		
бір жыл ішіндегі аударымдар	(6,104)	(642)
бір жыл ішіндегі аударымдар аударымдар Списания	2,761	(18,683)
Есептен шығару	335	13,221
31 желтоқсанға	(3,008)	(6,104)

11 БАСҚА АЛДЫН АЛА ТӨЛЕУ

31 желтоқсанға басқа алдын ала төлеу мына позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Жеткізушілерге төленген алғытөлемдер	15,342	26,639
Өзгесі	10,874	4,972
Күмәнді берешек бойынша қор	26,216	31,611
	(1,384)	(426)
	24,832	31,185

31 желтоқсанға алғытөлемдер мынадай валюталарда көрсетілді:

Теңге	2013	2012
Теңге	26,112	31,611
Долларлар	104	-

Мың теңгеде	2013	2012
АҚШ		-
	26,216	31,611

12 АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАР МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсанға ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары мынадай позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражаттар	56,673	11,051
Кассадағы қолма қол ақша	-	5,146
	56,673	16,197

Ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражаттарға пайыздар есептелмейді.

31 желтоқсанға ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары мынадай валюталарда көрсетілді:

Мың теңгеде	2013	2012
АҚШ долларлары	46,859	
Тенге	9,814	16,197
	56,673	16,197

13 ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шығарған және толық төленген жарғылық капиталы 5,656,808 мың теңгені құрады.

14 ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсанға ұзақ мерзімді қарыздар мынадай позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	Валюта	2013	2012
Ұзақ мерзімді қарыздар			
«Казинвестбанк» АҚ	Теңге	562,106	879,131
HSBC Банк Қазақстан	Теңге	58,000	92,800

Мың теңгеде	Валюта	2013	2012
		620,106	971,931
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі			
«Казинвестбанк» АҚ	Теңге	317,025	317,025
HSBC Банк Қазақстан	Теңге	34,800	23,200
		351,825	340,225
Ұзақ мерзімді қарыздар барлығы		971,931	1,312,156

«Казинвестбанк» АҚ

2011 жылғы қыркүйекте Компания «Казинвестбанк» АҚ-мен Таунхауздар құрылысын қаржыландыру үшін 2016 жылғы қыркүйекте өтеу мерзімімен 1,400 миллион теңге көлемінде несие желісіне шарт жасасты. 2011 жылы сома толық игерілді. Бірінші жылға пайыздық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде, кейінгі кезеңдерге пайыздық мөлшерлеме ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде белгіленді (қайта қаржыландыру мөлшерлемесі) плюс 2%, бірақ 12% жоғары емес деп белгіленді. 2013 жылы тиімді жылдық пайыздық мөлшерлеме 9.85%-ды құрады (2012 жылы: 9.85%).

2012 жылғы қарашада Компания «Ақтау Девелопмент Компани» ЖШС-мен және «Баян Лимитед» ЖШС-мен бірлесіп, «Казинвестбанк» АҚ 2016 жылғы қарашада өтеу мерзімімен 761 миллион (олардың 117 миллионы Компанияға қатысты болды) теңге сомасына жаңартылмайтын несие желісін ашу туралы шекті несие келісім жасады. Несие желісінің мақсатты тағайындалуы несие шартын HSBC Банк және Raiffeisen Банкімен қайта қаржыландыру болып табылады. 2012 жылы несие желісінің сомасы толық игерілді. Бірінші жылға пайыздық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде белгіленді, кейінгі кезеңдерге пайыздық мөлшерлеме қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде плюс 4% деп белгіленді. 2013 жылы тиімді пайыздық мөлшерлеме 10.84% құрады (2012 жылы: 10.84%).

2013 ғы 31 желтоқсанға несие желілері былай қамтамасыз етілді:

- Қалдық құны 5,105 миллион теңге мөлшеріндегі қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған жылжымайтын мүлік;
- Қолданыстағы келісімшарттар бойынша дебиторлық берешекті талап ету құқығын қайта табыстау және 1,100 миллион теңге сомасына қолданыстағы келісімшарттар бойынша қызметтерді жүзеге асырудан келіп түскен ақша қаражаттарының болашақ түсімдері;
- «Chagala Group Limited» шығарылған корпоративтік кепілдік.

HSBC Қазақстан Банкі

2012 жылғы желтоқсанда Компания «Ақтау Девелопмент Компани» ЖШС-мен және «Баян Лимитед» ЖШС-мен бірлесіп, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ 2015 жылғы желтоқсанда өтеу мерзімімен 759 миллион (олардың 116 миллионы Компанияға қатысты болды) теңге сомасына жаңартылмайтын несиелік шарттар туралы шекті несиелік келісім жасады. Несиелік шартының мақсатты тағайындалуы несиелік шартын HSBC Банк және Raiffeisen Банкімен қайта қаржыландыру болып табылады. 2012 жылы несиелік шартының сомасы толық игерілді.

Бірінші жылға пайыздық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде белгіленді, кейінгі кезеңдерге пайыздық мөлшерлеме қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде плюс 4% деп белгіленді. 2013 жылы тиімді пайыздық мөлшерлеме 10.77% құрады (2012 жылы: 10.77%).

2013 жылғы 31 желтоқсанға несиелік қалдық құны 1,967 миллион теңге мөлшеріндегі қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілді.

«HSBC Банк» және «Raiffeisen Bank»

2008 жылғы 12 маусымда бас компания «HSBC Банк Қазақстан» АҚ-мен және «Raiffeisen Zentralbank Osterreich AG» несиелік шартын жасады. Несиелік шартының жалпы сомасы 53,500 мың АҚШ долларын құрады (оның 28,000 АҚШ доллары Компанияға тағайындалды). 2010 жылғы 22 қарашада несиелік шартының жалпы сомасын 34,307 мың АҚШ долларына (олардың 15,000 мың АҚШ доллары Компанияға қатысты болды) дейін азайту және несиелік шартының біреуін, «Raiffeisen Zentralbank Osterreich AG», басқа несиелік шартына «Raiffeisen Bank International AG» ауыстыру үшін түзетулер енгізілген шартқа қол қойылды.

2012 жылдың ішінде Компания қайта қаржыландыру жолымен несиелік шартының толық өтеді.

15 ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

2012 жылғы 31 желтоқсанға пайыздық айырбас туралы келісім шартының ішіндегі жалпы шартты сома 10,714 мың АҚШ долларын (1,615,071 мың теңгеге баламалы) құрады. 2012 жылғы 31 желтоқсанға пайыздық айырбас туралы келісімнің әділ құны қаржы табысын сәйкес есептеумен 42,686 мың теңге сомасындағы міндеттеме ретінде мақұлданды. 2013 жылы Компания 27,522 мың теңге мөлшеріндегі бұзумен комиссиямен айырбас туралы келісімді жапты.

16 ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЫЗДАР

2011 жылғы қыркүйекте Компания «HSBC Банк Қазақстан» АҚ-мен 300 миллион теңге мөлшеріндегі жаңартылатын не-

сиелік шарты туралы шарт жасады. Бастапқы пайыздық мөлшерлеме 6.96% деңгейінде белгіленді. 2012 жылғы мамырда несиелік шартының мерзімі 8.4% құраған пайыздық мөлшерлеме өзгертіліп, 2013 жылғы мамырға дейін ұзартылды. 2013 жылғы мамырда несиелік шартының мерзімі 2014 жылғы шілдеге дейін ұзартылып, пайыздық мөлшерлеме 8.4% құрады. 2013 жылғы 31 желтоқсанға несиелік шарты толық өтелді.

Несиелік шартының айналым капиталын толықтыру үшін қолданылып, «Chagala Group Limited» корпоративтік кепілімен қамтамасыз етілді.

17 ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР

2012 жылғы наурызда Компания айналым мерзімі 5 жыл және купондық жылдық пайызы 10% 2,250 миллион теңге мөлшеріндегі облигацияларды Қазақстандық қор биржасында орналастыру туралы хабарлады. Борыштың негізгі бөлігін төлеу мерзімі жартыжылдық негізде пайыздар төленіп- 2016 жылғы желтоқсан.

Алынған қаражаттар Қазақстан Республикасындағы тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлікті қаржыландыру, сондай-ақ HSBC Банк және Raiffeisen Банк алдындағы ұзақ мерзімді несиелер бойынша берешекті қосқанда, несиелік шартының алдындағы кейбір міндеттемелерді өтеу үшін қолданылды.

Төлеуге жататын облигациялардағы қозғалыс бұдан әрі келтіріледі:

Мың теңгеде	2013	2012
1 қаңтарға	2,095,343	-
Таза түсімдер	-	2,072,473
Пайыздарды есептеу	257,601	210,469
Төлеуге жататын сыйақыға аудару	(225,000)	(187,599)
31 желтоқсанға	2,127,944	2,095,343

18 САУДА НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК

31 желтоқсанға сауда несиелік берешек мынадай позицияларды қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Шығыс материалдары	143,821	138,840
Құрылыс қызметтері	2,299	994
	146,120	139,834

Сауда несиелік берешек пайызсыз болып табылады да, әдетте 30 күн ішінде өтелуге жатады. Сауда несиелік берешектің үлкен бөлігі теңгеде көрсетілген.

19 ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР

31 желтоқсанға төленуге жататын салықтар мынаны қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Төленуге ҚҚС	59,954	-
Басқа салықтар	3,220	2,328
	63,174	2,328

20 БАСҚА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер

2012 жылғы 31 желтоқсанға басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер міндеттемелерді орындау үшін кепілдікті жарна болып табылды.

21 БАСҚА ДА НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК ПЕН ЕСЕПТЕУЛЕР

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсанға басқа несиелік берешек пен есептеулер қызметкерлер алдындағы берешек болып табылады.

22 ЕҢБЕКАҚЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМАҚЫЛАР

31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі еңбекақы мен қызметкерлерге төленетін төлемақыларға жатады:

Мың теңгеде	2013	2012
Еңбекақы мен сәйкес салықтар	158,681	276,948
Басқа төлемдер	33,752	67,944
	192,433	344,892

23 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ТАБЫСТАР/ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанға қаржыландыру бойынша табыстар мынаны қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Хеджирлеуге арналмаған туынды құралдар (айырбас) бойынша табыс	15,643	4,690
Өзгесі	1,593	30
	17,236	4,720
31 желтоқсанға қаржыландыру бойынша шығындар мынаны қамтыды:	2013	2012
Қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	363,429	368,011
Облигациялар бойынша дисконт амортизациясы	32,601	22,870
Хеджирлеуге арналмаған туынды құралдар (айырбас) бойынша залал	3,039	-
	399,069	390,881

24 БАСҚА ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанға басқа шығыстар мынаны қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Таунхаустарды тапсыру мерзімін өткізіп алу үшін айып ақы	70,082	-
Өзгесі	58	60
	70,140	60

25 ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (ЖЕҢІЛДІК)

31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде табыс салығы бойынша жеңілдік немесе шығыстар мынаны қамтыды:

Мың теңгеде	2013	2012
Табыс салығы бойынша шығыстар-ағымдағы	-	-
Шығыстар/(жеңілдік) мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша	66,998	(366,416)
Пайда немесе шығындар туралы есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар (жеңілдік)	66,998	(366,416)
Жер мен ғимараттарды қайта бағалау	.	(55,379)
Басқа жиынтық табыста көрсетілген мерзімі ұзартылған салық бойынша жеңілдік	-	(55,379)

Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар мен 2013 және 2012 жылдардағы пайдаға салынатын салық мөлшерлемесіне көбейтілген бухгалтерлік пайда арасындағы салыстырып тексеру:

Мың теңгеде	2013	2012
Табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда/(залал)	210,920	(1,906,422)
20% нормативтік ставкасы бойынша салықтың есеп айырысу төлемі	42,184	(381,284)
Шегеруге немесе салық салу мақсаттары үшін бағалауға жатпайтын баптардың салық әсері:		
Шегеруге жатқызылмайтын басқа шығыстар	24,814	14,868
Пайда немесе шығындар туралы есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар (жеңілдік)	66,998	(366,416)
31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша сальдо қамтыды:		
Мың теңгеде	2013	2012
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер		
Ауыстырылған салық залалдары	14,253	17,917
Өзгесі	33,751	27,108
	48,004	45,025

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер		
Негізгі қаражаттар	(873,429)	(1,104,240)
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	(300,788)	-
	(1,174,217)	(1,104,240)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер, таза	(1,126,213)	(1,059,215)

26 МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША САЛЬДО ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішінде Компания байланысқан тараптармен мәмілелер жасады. Келесі сызбада 2013 және 2012 жылдар ішінде байланысқан тараптармен жасалған мәліметтердің жалпы сомасы мен 2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсандағы мәмілелер бойынша сәйкес сальдо туралы ақпарат бар:

«Chagala Group Limited» қауымдастырылған компанияларымен мәмілелер бойынша сальдо және жасалған мәмілелер

Мың теңгеде	2013	2012
«Chagala Group Limited» қауымдастырылған тараптармен мәмілелер бойынша сальдо	56,996	34,561
Байланысқан тараптар берешегі	-	10,103
Байланысқан тараптар алдындағы берешек		
«Chagala Group Limited» қауымдастырылған тараптармен мәмілелер	137,190	346
Байланысқан тараптарға сатулар		
Байланысқан тараптардан сатып алу	66,528	65,769

Өткізу бойынша мәмілелер 50,283 мың теңге сомасындағы жер телімі «Arrowhead B.V.» компаниясының 71,752 мың теңге сомасындағы тауарлық-материалдық қорларын өткізуді қамтиды. Байланысқан тараптардан сатып алулар «Итазия Инжиниринг» ЖШС жүргізілген ғимараттарды күрделі жөндеу болып табылады.

Chagala Group Limited» еншілес компанияларымен мәмілелер бойынша сальдо және мәмілелер

Мың теңгеде	2013	2012
“Chagala Group Limited» еншілес компанияларымен мәмілелер бойынша сальдо		
Байланысқан тараптардан алуға қарыз	1,436,506	1,023,839
Байланысқан тараптар берешегі	116,935	11,407
	1,553,441	1,035,246
Байланысқан тараптармен өтелуге жататын қарыздар	-	48,930
Байланысқан тараптар алдындағы берешек	3,137	12,761
	3,137	61,691
“Chagala Group Limited» еншілес компанияларымен мәмілелер		
Байланысқан тараптардан келген түсім	262,579	35,973
Байланысқан тараптардан сатып алу	(2,768)	(11,599)
Басқару және операциялық қызметтер үшін комиссиялар	(793,239)	(692,410)
Байланысқан тараптармен берілген қарыздар	(534,750)	(359,517)
Байланысқан тараптармен өтелген қарыздар	121,897	173,908
Байланысқан тараптардан алынған қарыздар	-	30,118
Байланысқан тараптармен өтелген қарыздар	(48,958)	(398,864)
Байланысқан тараптардан алынған қарыздармен байланысты шетел валюталарын қайта есептеуден түскен таза пайда	214	2,156
Қаржыландыру бойынша шығындар	804	(19,530)

Байланысқан тараптардан түскен түсін негізінен инвестициялық мүлікті жалға беру және байланысқан тараптармен орналастыру бойынша көрсетілген қызметтер есебінен жүзеге асырылды.

Басты басқарушылық қызметкерлер құрамы

Мың теңгеде	2013	2012
Төленген сыйақы	8,291	47,011

2013 жыл барысында басты басқарушылық қызметкерлер құрамы бір адамнан, Компанияның Бас директорынан тұрды (2012 жылы: екі). Басты басқарушылық қызметкерлер құрамына сыйақының жалпы мөлшері еңбекақыға және қызметкерлерге басқа төлемдер пайда мен шығын туралы есепке қосылған.

Байланысқан тараптармен мәміле жасау ережелері мен шарттары

Компания байланысқан тараптарға қонақүй қызметтеріне 30%-дық жеңілдік ұсынып отыр. Жылдың аяғына өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады да, есептеулер банкілік аударымдар арқылы жүргізіледі. Байланысқан тараптардың несиелік берешегі бойынша ешқандай қаржылық кепілдіктер берілген жоқ.

Байланысқан тараптарға берілген қарыздар, көбінесе пайызсыз қаржылық көмекті қамтып, талап ету бойынша өтеледі.

27 ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар мен нарықтық экономика талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономика тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалар барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржылық және ақша-несиелік реформалар аясында қолданылып отырған шараларға байланысты.

Қазақстандық экономика дүниежүзіндегі іскери белсенділіктің құлдырауы мен экономикалық дамудың төмендеуіне сезімтал. Жалғасып отырған дүниежүзілік қаржылық дағдарыс капитал тұрақсыздығын, банкілік сектордағы өтімділіктің айтарлықтай нашарлауы мен Қазақстанда несие берудің одан да қатал шарттарын тудырды. Қазақстандық үкімет қазақстандық банктер мен компаниялар үшін өтімділікті қолдау және қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталған бір қатар тұрақтандыру шараларын енгізгеніне қарамастан, Компания мен оның контрагенттері үшін капиталға қол жеткізу мен капитал құнына қатысты белгісіздік бар, бұл Компанияның қаржылық жағдайына, оның қызметінің нәтижелері мен экономикалық келешегіне әсер етуі мүмкін.

Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына Қазақстандағы қолданыстағы және болашақтағы заңнаманы және салық салу аясындағы нормативтік-құқықтық актілерді қосқанда, саяси жағдайдың дамуы әсер етуі мүмкін.

Басшылық өзінің қазіргі жағдайда Компания тұрақтылығын қолдау үшін сәйкес шараларды қолданып отырғанына сенімді болса да, жоғарыда сипатталған салалардағы күтпеген одан әрі нашарлау қазіргі уақытта анықтауға берілмей отырған тәсілмен Компанияның қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайы әсер етуі мүмкін. Дегенмен, осы қаржылық есептілік басшылықпен Қазақстандағы экономикалық жағдайдың Компания қызметі мен қаржылық жағдайына әсер етуін бағалауын көрсетіп отыр. Болашақтағы экономикалық жағдай басшылық бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы үнемі өзгертіліп, бір мағыналы емес түсіндіруге ұшыраған. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылықтарының жағдайы сирек емес. Қазақстандық салық заңнамасымен анықталған және расталған бұзушылықтар үшін айыппұл мен өсімпұлдың қолданыстағы режимі қатаңдылықпен ерекшеленеді. Әдетінде, айыппұлдар қосымша есептелген салықтар сомасының 50%-н құрайды және өсімпұл жылдық 20%-ға бағаланады. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы есептелген салықтардан бірнеше рет үлкен болуы мүмкін. Салық тексерістері қызметтің тікелей тексеру жылының алдындағы бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерістер одан да ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік нәтижесінде салықтар, айыппұлдық ықпалшаралар мен өсімпұлдар болса, олардың ықтимал сомасы 2013 жылғы 31 желтоқсанға есептелген және осы уақытқа дейінгі шығыстарға жатқызылған сомадан артық болуы мүмкін.

2013 жылғы 31 желтоқсанға басшылық компания Қазақстанда күшіне енгізілген салық заңнамасын сақтап отыр, демек, салық бойынша ешқандай қосымша маңызды міндеттемелер пайда болмайды деп есептейді.

Келісімшарт міндеттемелері

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсанға Компанияның үшінші тараптардан негізгі қаражаттарды сатып алу бойынша маңызды келісімшарт міндеттемелері болған жоқ.

28 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржы құралдарының құрамына ақша қаражаттары мен қысқа мерзімді депозиттер, сондай-ақ дебиторлық берешек, қарыздар, несиелік берешек мен туынды құралдар кіреді. Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі, валюталық тәуекел мен несие тәуекелі Компанияның қаржы

құралдары бойынша пайда болатын негізгі тәуекелдері болып табылады.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарық бағаларының өзгеруінен ауытқу тәуекелі болып табылады. Нарық бағалары тәуекелдің әр түрлі түрімен расталған: пайыздық ставканы өзгерту тәуекелі мен валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекел әсеріне расталған қаржы құралдарына қарыздар, төленуге жататын облигациялар, депозиттер мен туынды қаржы құралдары жатады.

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі бұл – қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелерінің өзгеруі нәтижесінде ауытқу тәуекелі. Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелерде өзгеру тәуекеліне ұшырауы Компанияның ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне (қайта қаржыландыру мөлшерлемесі) жататын құбылмалы пайыздық мөлшерлемелері бар ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелерімен байланысты.

2012 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның пайыздық айырбасы болды, оған сәйкес Компания белгілі бір аралықтардан кейін қарыздар бойынша (15- ескерту) негізгі қарыздың келісілген шартты сомасын қолданып есептелген Либор ставксына жататын тиянақталған және құбылмалы пайыздық мөлшерлемелері арасындағы айырмашылық сомасын айырбастауға келісті. Айырбас туралы келісім 2013 жылы бұзылды.

2013 жылғы 31 желтоқсанға Компания қарыздарының шамамен 31%-на құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі болды (2012 жылы: 35%).

2013 жылғы 31 желтоқсанға басшылық қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел маңызды деп санамайтындықтан, Компанияның ықтимал тәуекелді азайту үшін хеджирлеудің қандай да бір құралы болған жоқ.

Сызбада Компанияның салық салуға дейінгі (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайдасының барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда, пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге сезімталдығын талдау ұсынылған:

Мың теңгеде	Базистік тармақтардың артуы/азаяуы	Салық салуға дейін пайдаға әсер етуі
2013		
Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	+100	(9,719)
	-100	9,719
2012		
Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	+100	(13,122)
	-100	13,122
ЛИБОР	+100	16,151
	-100	(16,151)

өзгермеген жағдайда, ықтималдығын негізді жорамалдауға болатын сезімталдығы көрсетілген.

	2013		2012	
Мың теңгеде	Айыр-бастау бағамның өсу	Салық салуға дейінгі пайдаға әсер етуі	Айырбастау бағамының өсуі/ (төмендеуі)	Салық салуға дейін пайдаға әсер етуі
АҚШ доллары	+30%	50,006	+10%	25,842
АҚШ доллары	+10%	16,669	-10%	(25,842)

Несие тәуекелі

Компания несиені төлеуге қабілетті үшінші тараптармен ғана мәмілелер жасайды. Сонымен қатар, дебиторлық берешек қалдықтары үздіксіз тексеріледі, соның нәтижесінде Компанияның үмітсіз берешек тәуекелі маңызды емес болып табылады. Ең үлкен несиелік тәуекел 9 ескертуде ашылғандай, теңгерімдік құн болып табылады.

Банктегі ақша қаражаттарымен байланысты несиені тәуекеліне қатысты Компания тәуекелі контрагент дефолты ықтималдығымен байланысты, бұл ретте ең үлкен тәуекел осы құралдардың теңгерімдік құнына тең.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел бұл – қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валютаны айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде құбылу тәуекелі. Компанияның валюта айырбастау бағамының өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, Компания қызметімен байланысты (табыстар немесе шығыстар Компанияның қызметтік валютасынан ерекшеленілетін валютада көрсетілген кезде).

Төндегі сызбада Компанияның салық салуға дейінгі АҚШ долларын айырбастау бағамына қатысты басқа айнымалылар

Өтімділік тәуекелі

Компания мақсаты банкілік депозитерді, қарыздар мен төленуге жататын облигациялар арқылы қаржыландыру үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы теңгерімді қолдау болып табылады.

Келесі сызбада Компанияның 31 желтоқсанға қаржы міндеттемелерін шарт талаптарына сәйкес дисконтталмаған төлемдерді негізге ала отырып, өтеу мерзімдері ұсынылған.

Мың теңгеде	Талап етілгенге дейін	3 айдан кем	3 айдан бастап 12 айға дейін	1 жылдан бастап 5 жылға дейін	5 жылдан аса	барлығы
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	-	92,911	340,997	680,491	-	1,114,399
Төленуге жататын облигациялар	-	-	225,000	2,700,000	-	2,925,000
Сауда несиелік берешек	-	146,120	-	-	-	146,120
Байланысқан тараптар алдындағы берешек	-	3,137	-	-	-	3,137
Басқа несиелік берешек пен есептеулер	-	2,886	-	-	-	2,886
	-	245,034	565,997	3,380,491	-	4,191,522

Мың теңгеде	Талап етілгенге дейін	3 айдан кем	3 айдан бастап 12 айға дейін	1 жылдан бастап 5 жылға дейін	5 жылдан аса	барлығы
2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	-	102,851	653,793	1,114,398	-	1,871,042
Төленуге жататын облигациялар	-	-	225,000	2,925,000	-	3,150,000
Туынды қаржы құралдары	-	5,686	14,784	24,412	-	44,882
Сауда несиелік берешек	-	139,834	-	-	-	139,834
Байланысқан тараптар алдындағы берешек	18,986	21,174	34,422	-	-	74,582
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	35,584	-	35,584
Басқа несиелік берешек пен есептеулер	-	3,005	-	-	-	3,005
	18,986	272,550	927,999	4,099,394	-	5,318,929

Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқарудағы негізгі мақсаты Компания қызметін жүргізу үшін тұрақты несие төлеу қабелетін қамтамасыз ету және қатысушылар пайдасын көбейту болып табылады.

Компания берешек капиталға барлығы арасалмағына тең қаржы тұтқасының коэффициентін қолдана отырып, капитал деңгейін бақылайды. Компания саясаты осы ара салмақты 50%-дан төмен сақтап қалу болып табылады. Берешек қарыздар мен тартылған қаражаттарды, төленуге жататын облигациялар мен сауда несиелік берешекті қамтиды. Капиталға Компания акционерлеріне келетін капитал жатады. Капиталды басқару мақсатында топшілік емес қарыздар жоққа шығарылды.

Жыл аяғына берешектің өз капиталына қатыстылығыбылай ұсынылған:

Мың теңгеде	2013	2012
Қарыздар	971,931	1,612,154
Төленуге жататын облигациялар	2,127,944	2,095,343
Сауда несиелік берешек	146,120	139,834
Берешектің жалпы сомасы	3,245,995	3,847,331
Капитал	12,755,718	12,611,796
Берешек коэффициенті	0.25	0.31

Әділ құн

Әділ құн құрал екі хабарландырылған тараптар арасында, мәжбүрлі өткізу немесе таратумен байланысты өткізуді есепке алмағанда, коммерциялық шарттарда айырбасталуы мүмкін сома ретінде анықталады. Компанияның көптеген қаржы құралдары үшін дайын нарықтар болмағандықтан, әділ құнды бағалау кезінде құралға тән ағымдағы экономикалық шарттар мен нақты тәуекелдер негізіндегі жорамалдарды қолдану қажет.

Ақша қаражаттарының, сауда дебиторлық берешектің, несие берешегінің және басқа қысқа мерзімді ақша активтері мен міндеттемелерінің теңгерімдік құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипаты салдарынан шамамен олардың әділ құнына тең.

Қарыздар мен төленуге жататын облигациялардың әділ құны осы уақытта қарыз міндеттемелері немесе өтеуге дейін қалған ұқсас шарттары мен мерзімдері бар ставкаларды қолданып, болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бағаланады. Әділ құн шамамен қарыздар бойынша амортизацияланбаған шығындарды қосқанда, теңгерімдік құнға тең.

Пайыздық айырбастар бойынша туынды келісімшарттардың әділ құны ағымдағы нарықтық пайыздық ставкалар мен құралдың қалған мерзімі табыстылығының қисығын қолданып, күтіліп отырған болашақтағы ақша ағындарын дисконттау жолымен бағаланады.

Мың теңгеде	Теңгерімдік құны		Әділ құны	
	2013	2012	2013	2012
Қаржы активтері				
Сауда дебиторлық берешек	319,330	597,277	319,330	597,277
Байланысқан тараптар берешегі	1,610,437	1,069,807	1,610,437	1,069,807
Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	56,673	16,197	56,673	16,197
Қаржы міндеттемелері				
Қарыздар	971,931	1,612,154	971,931	1,612,154
Төленуге жататын	2,127,944	2,095,343	2,156,751	2,144,122
Төленуге жататын пайыздар	27,903	30,725	27,903	30,725
Туынды қаржы құралдары	-	42,686	-	42,686
Сауда несиелік берешек	146,120	139,834	146,120	139,834
Байланысқан тараптар алдындағы берешек	3,137	71,794	3,137	71,794
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	35,584	-	35,584
Басқа несиелік берешек пен есептеулер	2,866	3,005	2,866	3,005

Әділ құн көздерінің иерархиясы

Төмендегі сызбада қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржылық құралдарды санаттар бойынша талдау келтірілген:

Мың теңгеде	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құн барлығы
2013 жылғы 31 желтоқсан				
Төленуге жататын облигациялар	2,156,751	-	-	2,156,751
2012 жылғы 31 желтоқсан				
Төленуге жататын облигациялар	2,144,122	-	-	2,144,122
Туынды қаржы құралдары	-	42,686	-	42,686

29 ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2014 жылғы 11 ақпаннан бастап Қазақстанның ұлттық Банкі теңгені айырбастау бағамын қолдауды тоқтату туралы шешім қабылдады. Теңгені айырбастау бағамы басқа валюталарға қатысты төмендеді. Жаңа айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 185 теңгені (1 АҚШ доллары үшін 155 теңгеден) құрады. Компания қарыздары теңгеде, ал Компания алатын түсім ішінара АҚШ долларында белгіленгендіктен, теңгенің құнсыздануы Компания қызметінің нәтижелеріне айтарлықта әсерін тигізбейді.

